

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шашпақ...*
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

10/2018

ҚАЗАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұршиа Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Г.ЖҮСПОВА.	МАЗМҰНЫ Мөлтек сыр	3
Қ. ҚАДЫРҚҰЛОВ.	<u>Таным табиғатында</u> Қазақ тіліндегі шылау түрлерін оқытудың көкейкесті мәселелері.....	5
Д. САТЕМИРОВА.	<u>Көкейкесті көзқарас</u> Діни дастандардың тағылымдық сипаты.....	16
С.ТАСТЕМІР.	<u>Жас ғалым зердесі</u> Қазіргі қазақ әңгімелерінің тақырыптық сипаты.....	30
С. А. АККОЖИНА. Г. НҰРМАНОВА.	<u>Ұстаз ұсынысы</u> Зерттеу сабағының маңыздылығы мен тиімділігі..... Білім мазмұнын жаңарту аясында жазылым дағдыларын дамыту.....	41 49
М.КАРКЕНОВ.	<u>Ата дәстүр – асыл қазына</u> Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ырымдары.....	64
Ү.А. ҚАЛИЕВА.	<u>Ұстаз сыры</u> Ұстаздық –ұлы құрмет.....	91
Қ.АБУОВА. Н.МУХАНҒАЛИЕВ. Ш.ҚАПЕЗОВА.	<u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u> Қадыр Мырза Әлі «Аралым» өлеңі Ж. Молдағалиев “Мен – қазақпын” поэмасы..... Қазақтың батыр қыздары	95 106 112
Н.Т. УТЕГЕНОВА. Ү.С. КӘРІБАЕВА. Г.С. ШАХАМАНОВА.	<u>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u> Адал достық..... Мекен, мөлшер үстеулері..... Ғылыми стиль	118 123 128
А.КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ.	<u>Рухани дүние</u> Ақын есімі – ел есінде.....	134
А.ЕРМЕКБАЕВА. Л. Е.СҰЛТАНБЕКОВА.	<u>Кітапхана тынысы</u> Өнегелі отбасы – қоғам байлығы..... Мен қатысқан алғашқы съезд.....	137 140

Мөлтек сыр

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Айта-айта жасауыр болған бір мәселені сіздерге тағы да қозғағалы отырмын. Ол – біздің қазақ журналы. Өздеріңіз де білесіздер, мына кемелденіп, көздегенге қолымыз жететін заманда қазақ тілі басылымдарының шеттетіліп келе жатқаны белгілі.

Тамырын анау тереңнен, А.Байтұрсынов заманынан, бастау алатын “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының тағдыры қазіргі уақытта сіздермен байланысты. Осы ретте бір кездерде өшіп бара жатқан журналды жарыққа жарқ еткізіп шығарып, денсаулығын, ақтық демін тілге арнаған, журналдың бас редакторы болған З.Шілдебайұлының:

*...Жоғалтып ала жаздаған,
Тілімен елім қауышты.
Маңдайға бұрын жазбаған,
Көтердік еңсе, дауысты.*

*Иманды ата дәстүрін,
Жаңадан ғана қолға алдық.
Болуға күш сап тас түйін,
Жас ұрпақ жайын толғандық.*

*Айғағы соның – журналың,
Ашылған қайта бағыңа.
Ашыса егер шын жаның,
Жазылғын, сын – бұл арыңа.*

*Мұқият қарап, оқығын,
Айырып, асыл жасығын.
Көңілге нәрін тоқығын,
Айтқын тек сөздің ашығын.*

*Жіберіп ойлы мақала,
Журналдың өсір беделін.
Қалмасын қапы ата-ана,
Үнемі алып керегін.*

*Абырой бермес құр атақ,
Еңбегің болсын – сенерің!
Нашар боп шықса – ұят-ақ,
Жақсы боп шықса – мерейің!*

*– деген жүректі жара шыққан, сіздерге
арнаған сырларын жолдай отырып,*

*“Ұстаздар! Қазақ тілінің тағдыры – тікелей
сіздердің еңбектеріңізде, мамандықтарыңызға
деген адалдықтарыңызда! Жоғалтып
алмайық, төл журналдарыңызға жазылуды
ұмытпаңыздар!” – дегім келеді.*

Журналдың редакторы Г.Т. ЖҮСІПОВА.

Таным табиғатында

**Қ. ҚАДЫРҚҰЛОВ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университетінің
доценті.**

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШЫЛАУ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тіліндегі сөз таптарын оқытудың ерекшеліктері сабақ барысында айқындалып, нақтылана түсетіндігі баршаға мәлім. Оқыту үдерісі ғылыми тұжырымдардың шешіміне бағына бермейді. Ғылымға қарағанда, сабақ өту барысындағы тосын шешімдер мен кездейсоқ тұжырымдардың әрқайсысы бір-бір зерттеу тақырыбы болатындай көрініс береді. Кез келген тақырыпты түсіндіру кезінде тыңдаушының көкейінде күмәнді сұрақ қалмау үшін тілдің қолданыстағы қызметін оқулықтағы ережелерден жоғары қоя білген дұрыс. Қабылданған қағидалар мен қолданыстағы тілдік құбылыстардың қайшы тұстары жиі ұшырасады. **Солардың бірі – қазақ тіліндегі шылау түрлеріне қатысты кереғар тұстар.**

Шылау дегеніміз – толық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын және сөздерге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер. Барлық оқулықтарда осы мазмұнда ережелер берілген. Одан әрі ...шылаулар

сөз тіркестерін құрауға тең компонент бола алмайды, өзіне жалғау, жұрнақ жалғамайды [1], ...шылаулар түрленбейді және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды [2], ...Қайсібір сөздер түбіріше, оңаша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып қана жүре алады. Ондай сөздерге көбінесе жаңадан үстеу де, жалғау да жалғанбайды[3],...шылау түрленбейді (шылауға жалғау жалғанбайды) [4], – деп, жалғаса береді.

Ал қолданыстағы мысалдарға назар аударып көрейік:

1.Талқыдай аяғындағы тозуға қараған кенеп ботинканың жер шұқылап кеткен ақ жем тұмсығынан көз алмай, дымың құрып тұратынсың-ды (Ә.Нұрпейісов).

2. – Әй, Айна, несін жасырайын, мен гашықпын, – деді Ерік шашынан сипап. – Тағы да ма? – Тағы да масы қалай? (О.Бөкей).

3.Өзгені қайдам, өз басым осындай ырым-жырымға сенгіш – ақпын.

4. Айтқан бетінде орындап тастағанға не жетсін!

5. Одан кейінгісін бір біліп, бір білмеймін.

6.Үйде екеуміз ғанамыз (Қаз.әдебиеті). Сөйлемдердегі ерекшеленіп асты сызылған септеуліктер мен демеуліктер тәуелденіп те, жіктеліп те, септеліп те тұр. Сонымен қатар, сөз түрлендіретін, сөз тудыратын жұрнақтарды

да қабылдаған. **Осыдан кейін шылаулардың түрленбейтіндігіне кімнің көзін жеткізе аласың?** Көркем шығармадағы тілдік оралымдарға шылаулар түрленуі арқылы көрік береді. Жасанды емес, табиғи қолданыстың көрінісін байқаймыз.

Шылауларды қызметі мен қосымша мағынасына қарай үш түрге топтаймыз да, олардың әрқайсысының ерекшелігін сипаттаймыз.

Септеулік шылаулар бағыныңқы қатынастағы сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстырады. Бұл туралы негізгі оқулықтарда ортақ пікір қалыптасқан. Алайда кейбір септеуліктердің (тәрізді, сияқты, секілді) басынқы сөйлемнің баяндауышы болып келетіндігін ескере бермейміз:

...Сол абыройдың түсіп біткенін, ендігі жерде оны қайта көтеруге Абылайдың кәрі аруағының да септігі тие қоюы екіталай екенін сұлтан сезетін секілді. Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды, әлгі сыбыс шындыққа саятын сияқты (З.Шүкіров).

Септеулік шылаулардың белгілі септік жалғаулы (атау, барыс, шығыс, көмектес) сөздерден кейін келетіндігі күмән тудырмайды. Сондықтан сөз тіркесінің байланысу тәсіліне септеулік шылауды ғана жатқызғанымыз жөн. Ал жалғаулық шылау туралы ереже олардың қолданыстағы қызметіне сай келе бермейді. Өйткені ереже: *жалғаулықтар*

тиянақты формада келіп, өзара тең тұрған сөздерді, сөйлемдерді (яғни бірыңғай мүшелерді, салалас сөйлемдерді) байланыстырады, солардың арасындағы грамматикалық қатынасты білдіреді[1],...Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады[2], – дейді.

Соңғы жылдары мектеп оқушыларының оқу құралына айналған «Қазақ тілінде» (Шың – кітап)[4] жалғаулықтардың сөз тіркесін де байланыстыра алатындығын атайды да, мысал келтіре алмайды. Осыдан болар, салалас құрмаластардың жалғаулықты түрі бар да, сабақтастың жалғаулықты түрі ешбір зерттеу еңбектері мен оқулықтарда аталмайды. Бірақ шартты мәндегі **егер**, **онда** жалғаулықтарымен, шартты рай формасынан кейін келетін **да**, **де** шылауларымен салалас құрмалас сөйлемді қалай құрастыратынын ойласақ, жалғаулық шылаулар қызметінің күрделене түсетінін мойындаймыз:

Егер күндердің күнінде сен душар болатын қылбұрау мойыңға түспесе, аты жақсы алланың жарылқазғаны да (**О.Бөкей**). Кешегі күні қызылдардың бекінісін бұза **алмаса да**, олардан бұратала беті қайтпағаны белгілі (**Ә.Нұрпейісов**).

Келтірілген сабақтас құрмалас сөйлемнің

сыңарлары жалғаулық шылаумен байланысқанын көріп отырмыз. Сондықтан жалғаулықтар туралы ережені салалас құрмаластарды ғана байланыстыруымен шектеуге болмайды. **Жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелерді байланыстырғанымен, сөз тіркесін байланыстыра алмайды.** Септеулік пен жалғаулықтарды салыстырмалы түрде оқыта келіп, олардың сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруын **ұқсастығы**, біреуінің сөз тіркесін, екіншісінің бірыңғай мүшені байланыстыруын **айырмашылығы** ретінде алсақ, шылаудың бұл екі түрін түсіндіру қиындық туғызбайды.

Шылаудың үшінші түрі – демеулік шылаудың басты ерекшелігі – реңктік мән беруінде. Олардың сөзді де, сөйлемді де байланыстыру қабілеті жоқ. Сөзге де, сөйлемге де экспрессивті мән беруіне қатысты түрленуі демеуліктердің бір-бірімен қатар қолдана беруінен-ақ байқалады. Яғни бір сөйлемге бірнеше эмоциялық мән бере алады деген сөз:

1.Кәзір **түгіл** ол кезде **де** Аралдың жынды желінде мәлім жоқ-ты.

2.Күндердің күнінде халық шеккен қасіретке ескерткіш қойылатын болса, келешек ұрпақ **тек** аралдықтарға ғана **қояр - ау!**(**Ә.Нұрпейісов**).

3.Бұл өмір солай өзгермейтін шаттық, шадыман күлкі деп **қана** ойладық-ау (**Т.Нұрмағамбетов**).

4. Өмір бақи денесіне таяқ тиіп көрмеген ол осынау ер азамат атаулының жұдырығын керексінгендей де ме...

5. Әкесінің ұлым деген сөзін... мүмкін, естігені де жақсы ма еді-ау... өмір қадірін түсінер ме еді! (О.Бөкей).

Бірінші және екінші сөйлемдерде шектік, көңіл-күй, шақтық мәндегі үш демеулік берілген. Әсіресе даралау мәніндегі (шектеу) екі демеулік (тек, ғана) бір сөздің екі жағынан келіп, сол сөзге ғана ерекше оқшаулау мәнін беріп тұр. Қатар келген демеуліктер өздерінің бастапқы берер мәнін өзгертіп, құбыла түседі. Төртінші мен бесінші сөйлемдердегі сұрау мәніндегі демеулік болжалдық мағына үстемелеп, сөйлемдердің эмоциялық бояуын қоюландыра түскендей. Шақтық мән беретін ды, ді шылаулары барлық уақытта еді көмекші етістігінің қызметін атқарады да, барлық уақытта өткен шақ формасын иеленеді. Бұл шылаулардың жалпы қолданыстағы үлгісі есімшенің -атын, -етін формасындағы баяндауыштан кейін дефис арқылы жазылуы болатын (баратын –ды, келетін-ді). Кейін есімшенің өткен шақ формасынан соң да, модаль сөздерден соң да келетін тұстары көрініс берді. Бұрын тек үшінші жақтан кейін қолданылса, енді екінші жақтан кейінгі нұсқасы пайда болды. Қолданылу аясының кеңеюіне орай ты, ті демеуліктері қатарға қосылды. Бұндай құбылыстардың бәрі төмендегі мысалдардан айқын

көрінеді:

1. Өзің де не боп, не қойғанын біліп жатқан жсоқсың – ды.

2. Талқыдай аяғындағы тозуға қараған кенеп ботинканың жер шұқылап кеткен ақ жем тұмсығынан көз алмай, дымың құрып тұратынсың-ды.

3. Кәзір түгіл ол кезде де Аралдың жыңды желінде мәлім жсоқ-ты.

4. ...Қалақ бет қараның алдында бұнан бұрын да болғаны бар-ды (Ә.Нұрпейісов).

5. Торығамын деп ойлаған да жсоқ-ты (Т.Нұрмағамбетов).

Демеулік шылаулардың септеулік пен жалғаулықтан ерекшеленетін тұсы – сөйлемнің барлық тұсынан (басында, ортасында, соңында) еркін орын алатындығы. Сонымен бірге демеулік шылаулардың бір-бірімен қатар қолданыла беруі (тағы да ма) де оларды шылаудың басқа түрінен оңашалай түседі. Ал екі жалғаулық, екі септеулік бір сөйлемде қайталанғанмен, қатар келмейді. Бірақ септеулік пен жалғаулық қатар қолданылатын тұстар жеткілікті (*Іс үстінде білдірмейтіндері болмаса, екеуі содан бері әрі бақас, әрі күндес деуге болады*).

Шылауларды оқытудағы тағы бір күрделі мәселе – олардың емлесі. Егер шылаулар өзінің алдындағы негізгі сөз таптарына ешбір жалғаусыз тіркессе, бөлек жазылады. Бұл –

дәлелдеуді қажет етпейтін қағида.

Біздің назарымызды аударатыны – олардың қай кезде бірге жазылатындығы. Бұрыннан жиі айтылатын **ма, ме, ба, бе, па, пе** демеуліктері жіктік жалғауының алдында **мы, мі, бы, бі, пы, пі** түрінде бірге жазылатынынан хабардармыз. Әйтсе де, жалғаулық шылаулардың, бірер оқулықта айтылғаны болмаса, жіктік жалғауының алдында бірге жазылатынын оқыту үдерісінде ескере бермейміз:

*Сен маған **бақыттасың, қайгыдасың***

Өмірсің, таусылмайтын бай мұрасың.

Өлермін сол сезіммен, маған десе

Аспаннан қара жерге ай құласың...

*Сен маған **күлкідесің, ашудасың***

Ойым жоқ сенен өңге басымда шын.

(Ф.Оңғарсынова).

Бұл тұста аталған демеуліктер мен жалғаулықтардың бірге жазылуын өздерінен кейін келген жіктік жалғауының әсерінен деп дәлелдейміз. Бұл – **барлық уақытта жіктік жалғауының алдында келген шылаулар өзі тіркескен сөздермен бірге жазылады деген сөз емес.** Әйткені **мен ғанамын, сен ғанасың** секілді үлгідегі тіркес сөздердің көмекші сыңарын бірге жаза алмаймыз. Кейде шылаудан кейін қосымша келсе, олар алдындағы сөздермен бірге жазылатыны жайлы пікірлер де кездеседі[1]. **Келген бетте, күні бойы, тағы да масы қалай, саған карағанда**

сияқты күрделі сөздердің шылаулық сыңарлары түрлі жалғау тұлғасын қабылдағанмен, бөлек жазылатынына күмән тумады. Бұлармен қатар, **дефис арқылы** жазылатын демеуліктер де түрленген жағдайда дефисін сақтап қалады:

*1. Үлкендердің сөзін тыңдауға **әуес-ақпыз** (С.Мұратбеков).*

*2. Өзгені қайдам, өз басым осындай ырым-жырымға **сенгіш-ақпын.***

*3. Осының-ақ **барыпты-мысы** мен **келіпті-мысы** таусылмайды екен (Қаз.әдебиеті, 13.08.2008).*

Дефис арқылы жазылатын демеуліктердің **ды, ді, ты, ті** түрінен басқалары (**ау, ай, ақ, мыс**) буын үндестігіне бағынбайтынын да ескерген орынды. Академиялық грамматикада [1], академик Н.Сауранбаевтың оқулығында[5] **мыс** түрінде берілген демеулікке қазір **міс** сыңарын телушілер кездеседі. **Қандай негізге сүйеніп алғандығы белгісіз әрі нақты мысал келтіруден қашқақтайды.** Осы тұста **-ау,-ай,-ақ демеуліктерімен** келген сөздердің буынға қалай бөлінетіндігі жөнінде де айта кеткенді жөн санадық. *Себебі шылаудың басқа түрлеріне қарағанда, аталмыш демеуліктер алдындағы сөздердің буынға бөліну ырғағына бағынып, дауысты дыбыстардан соң кейінді ықпал арқылы буын ығысу немесе дауыссыз дыбыстардан кейін буын алмасу үдерістерін жасауымен*

ерекшеленеді: осы-ақ (о- сақ), келіпті - ау (ке -ліп- тау), сен- ақ(се- нақ), қарағым- ай (қа- ра-ғы -май). Әрине, жазылғанда бастапқы қалпын сақтайды. Бұл демеуліктер қазақ тіліндегі тұйық буындардың сөз ортасы мен соңында келмейтінін тағы бір дәлелдейді.

Қазақ тіліндегі шылау түрлерін оқытудың біз айтпақ болған ұстанымдары:

– ережеден тілдік қолданыстағы шылау түрлерінің ерекшеліктерін жоғары қою;

– шылау түрлерінің әрқайсысына тән тұлғалану қабілеттіліктерін көркем шығарма мысалдарымен дәлелдеу;

– шылау түрлерін бір-бірімен салыстырмалы түрде оқытып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айшықтау;

– шылау түрлерінің емлесіндегі **үдемелі үдерісті** нақты мысалдармен көрсетіп, солардың негізінде қағидалар ұсынып отыру;

– сөйлемішілік шылаулар жиілігі мен қосарлы тұлғаларының стильдік қызметіне назар аудару;

– сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру деңгейіне және реңктік мағына беру мүмкіндігіне қарай шылау түрлерін топтастыра білу;

– шылау түрлерінің емлесін олардың қызметтік аясында қарастыру және буын алмасу мен буын ығыстыру құбылыстарындағы ерекшеліктерін фонетикалық жүйеге негіздеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақ тілі грамматикасы, Ғылым Академиясы, Ғылым баспасы. Алматы -1967ж. 264 б.

2.Исаев С.М.,Қазақ тілі, Рауан баспасы, Алматы – 1996 ж. 236 б.

3.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Мем.тіл.дамыту инст. Алматы –2010 ж. 608 б.

4.Қазақ тілі(шың кітап), Шың кітап баспасы, Алматы- 2015 ж. 312 б.

5.Сауранбаев Н, Қазақ тілі, Оқу-педагогика баспасы, Алматы -2000 ж. 220 б.

6.Мүсірепов Ғ,Өмір жорығы, Жазушы, Алматы 2003 ж. 256 б.

7.Нұрпейісов Ә, Соңғы парыз, Жазушы, Алматы - 1999 ж.472 б.

8.Шүкіров З, Сыр бойы, Қайнар, Алматы - 2006 ж. 432 б.

9.Бөкей Оралхан, Кербұғы, Атамұра, Алтаты - 2003 ж. 204 б.

10.Нұрмағамбетов Т, Ата қоныс, Жалын, Алматы - 1977 ж. 168 б.

11.Сайын Мұратбек, Жабайы алма, Атамұра, Алматы - 2002 ж. 400 б.

Д.А. САТЕМИРОВА,
Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің аға оқытушысы,
филология ғылымдарының
кандидаты.
Алматы қаласы

ДІНИ ДАСТАНДАРДЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ұлттық сөз өнерімізде діни дастан жанрының қалыптасуы ХІХ ғасырда мұсылманша сауатты ақындар шығармашылығынан басталады. Қыпшақ даласына классикалық Шығыс поэзиясының таралуы ислам дінінің енуімен байланысты екені белгілі. Зерттеуші С.Талжанов: *«Сарыарқадағы көшпелі қазақтарға ислам діні екі жақтан келді: біреуі Хорезм, Бұқара, Отырар, Тараз, Түркістан болса, екіншісі – Қазан, Уфа болды»* [1, 46] –деп, ислам дінінің қазақ арасына келуіне назар аудартады. Еліміздің оңтүстігіндегі халықтарға басқа территорияға қарағанда, ислам дінін таратушылардың ықпалы күштірек болды. Ауыл молдаларынан сауат ашқан, Хиуа, Хорезм, Қоқан, Бұқара сынды мәдени орталықтардағы діни медреселерде білім алған ақын-шайырлар қазақ әдебиетіне шығыс дәстүрін алғаш әкелгендер еді. Қазақ тыңдаушысы енді қазақ тіліне арабша, парсыша,

шағатайша сөз араласқан, кітап болып шыққан, шығыстық дастандармен, қисса-хикаялармен таныса алатын оқырманға айналды.

Ұлттық әдебиетіміздің шығыспен байланысын зерттеуші ғалым Ө. Күмісбаев сөзімен сабақтасaq: *«Бұл жағдайдың халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ауыз әдебиетіне екі түрлі әсері бар еді. Біріншіден, қазақ халқының ауыз әдебиеті басқа көршілес Орта Азия халықтарының фольклоріндегі Шығыс тарапынан келген аңыз, дастан, хикаялармен толысып, тарамдала түсті. Шығыстық әсерлер, суреттер, ауыз әдебиетінің арнасын кеңейтіп, кемелдендірді. Екіншіден, сол Шығыстың кітаби ақындар алып таратқан діни уағыздарға толы фантастикалық элементтері мол қиссалар да келді»* [2, 194]. Демек, Шығыстық әсер, ең алдымен, қисса-дастандар жанрынан көрінбек. Қазақ әдебиеті тарихындағы қисса-дастандар халық ауыз әдебиетінің негізінде Шығыс поэзиясы мен философиясының әсер етуімен қалыптасып дамыды.

Бүгінде қазақ әдебиеттану ғылымында қисса, дастан жанры – жеке шығармашылық тұлғалармен байланыста да, арнайы да қарастырылған жанр.

Қазақ топырағында Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерін назирағөйлік дәстүрде жырлау – ақын-шайырлар шығармашылығында

жалғасын тапты. Ұлы Абай, Әсет Найманбаев, Базар Оңдасұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шәді Жәңгірұлы т.б. жыр дүлдүлдерінің шығыс сюжеттері негізінде жазған шығармалары қисса-дастандардың тақырыптық, көркемдік жағынан түрліше екенін танытады.

Мұсылманша сауатты ақындардың дастандары – діни аңыз-әңгімелерді, пайғамбар сахабаларының өмір кезеңдерінен алынған хикаяларға түрлі сарындар қоса, поэзия тілінде қайта жаңғыртқан туындылар. Эпикалық жанрға жататын бұл шығармалар қазіргі әдебиеттану ғылымында *діни дастандар* деп аталып, арнайы зерттеу объектісіне алынған.

Әдебиеттануда соңғы кезеңде ғана сөз болып жүрген діни дастандарға тоқталмақпыз: *«Діни дастандар – ислам дінін уағыздайтын, Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар мен оның төрт халифының есімдеріне байланысты мифтік аңыздар негізінде туған дастандар».*

Діни дастандарды 3 топқа бөлуге болады.

1-ші топтағылар – «Сал-сал» мен «Зарқұм».

Бұлар басқа дінге табынушыларды ислам дініне еңгізу жолындағы жорықтарды баяндайды.

2-ші топқа кіретін діни дастандар «Жұмжұма» мен «Әзірет Әлінің пыраққа мініп, Мағражеға шығуы».

3-ші топтағы діни дастандарда да діни

уағыздардан гөрі, тұрмыс тіршіліктері ар алуан жайлар тағылым, зибраттар жырланады [3,40].

Мұнда дастан жанрының бір арнасы – діни дастандардың мазмұнына қарай жүйеленгені байқалады. Қазақ әдебиетіміздегі діни дастандар – қазақ даласына VII-XII ғасырларда ауызша, Ислам дініне насихаттаушы айтуымен тараған мифтік аңыздар мен Құран хикаяларының өлеңге, жырға айналған көрінісі. Діни дастандардың мазмұнында Мұхаммед пайғамбардың өмірі, оның сахабаларының басынан кешкендері, әсіресе Мұхаммед пайғамбардың төрт сахабасы ***Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли есімдеріне*** байланысты және солар халифат тағында билік құрған кезеңдегі ислам дінін тарату үшін болған соғыстар сөз болды. Сондықтан да діни дастандардың аталуы да белгілі бір географиялық есіммен байланысты болып келеді. Мысалы: «Кербаланың шөлі», «Әзірет Әлінің Хайбарға құл болып сатылғаны», «Хайбар қисасы», «Әзірет Әлі мен Мағауияның соғысы» т.б.

Эпикалық сарындағы діни дастандардың басты кейіпкерлері де тарихта аты мәлім ислам дінін таратушы алғашқы халифтар Әбубәкір ас-Сыддық (572-639), Омар ибн ал-Хаттаб(585-644), Оспан ибн Аффан(573-656), Әли ибн Абу Талиб (600-661) және исламдық,

исламға дейінгі мифтік бейнелер. Қаһармандар әрекеттері мен көркемдік тәсілдеріне қарай діни дастандар эпостық жырларға өте ұқсас келеді. Бұл шығыстық сарынды халық ауыз әдебиетінің негізінде жырлаған ақындардың шығармашылығындағы дәстүр жалғастығының көрінісі де болса керек.

Діни дастандарда ислам шариғаттары баса уағыздалғанымен де, жалпы адамзаттық мораль да дәріптеледі. Имандылыққа тәрбиелеудегі дастандардың ерекше рөлін ғалым Р. Бердібай былай деп атап өтеді: *«Әрине мұнда қиял, әсірелеу күшті. Бірақ, осы қиялдың әке сыйлауды үйретуге жарайтын мәңгілік гибратты педагогика пәнінің кез келген ережелерінен әсерлі екенін көрмеуге болмайды. Мәдидің аңыз әпсана деңгейіндегі бір ғана ісі «әкені қадірле» деген сансыз ескертпеден салмақты жатыр» [4,26].*

Діни тақырыптардағы туындылардан түйетініміз, ақындар жырлаған дін, дүниетаным, мақсат – Құдай жолына деген құр құлшылық емес, адамзаттың өрлеу жолындағы негізгі рухани тірек деп танылған дінді арқау ету. Олар осы бағытты өз өмірінде де, шығармашылығына да негіз етіп ұстанған.

Эпикалық жанрдағы діни дастандардың бір ерекшелігі – Араб халифатының ислам тарихында нақты тұлғалар мен оқиғаларға байланыстылығы. Тарихи оқиғалар деректері

анық, нақты болмаса да, жалпы тарихи оқиғалар жаңғырығы – шығарма мазмұнында көркем көрініс тапқан. Дастан кейіпкерлері Әзірет Әлі (Әши ибн Әбу Талиб), Омар (Омар ибн Әл Хаттаб), Садуақас (Сад ибн Абу Ваккас), Мағауия (Муавия Абу Суффиян) және исламға дейінгі өмір сүрген Атымтай (Хатим ат-Тай) сынды тарихи тұлғалар, көркемдік тәсілдер мінездеу, кейіпкерді сөйлету, сөйлестіру арқылы көркем бейнеге айналған. Өзге бір елдің тарих қатпарларында қалып қойған оқиғаларды жүйелеп баяндауы – ақынның білімділігі мен дүниетаным кеңдігін аңғартса керек.

Ислам тарихына жетік ақындар шығармаларында тарихи оқиғаны құр баяндауды мақсат тұтпаған, оқиғаның идеялық-танымдық маңыздылығына баса назар аударған. Тарихи ертегілік сюжеттерді пайдаланғанда, **біріншіден – гибраттық-өнегелік; екіншіден -танымдық; үшіншіден -қызықтырушылық мақсатты** көздегені анық.

Ғалым Р. Бердібай: *«Адамдарды қанағатшылыққа, сабырлылыққа, бір Алланы хақ деп білуге шақыруы, сенім жолында шейіт болғандықты мәртебе деп көрсетуі, адалдыққа, имандылыққа, қайырымдылыққа үндеуі үлкенді-кішілі діни дастандардың ортақ желісі деуге болады. «Пенделердің Алла дидарын көргені», «Жәннат гадіндегі хорлар баяны»*

дейтін шығармалардың да айтпағы осы. Бұл қиссаларда діни білімнен хабары жоқ оқушының түсінуіне ауыр араб сөздері мен тіркестері көп, өлеңдік жағы да аса шебер деуге келмейді. Сонда да болса, бұларда айтылмақ ойдың түп қазығын, асыл аңсарын пайымдауға болады. Қазақ арасына ислам ұғымдары мен дәстүрлері көбінесе осы тектес туындылармен тарады. Сондықтан діни дастандардың тілін қазақ әдеби тілінің өзгеше бір саласы деп қараған жөн. Араб, парсы сөздері аса қажет тұстарда, табиғи қажеттіліктен енгенін көреміз. Тіл жағдайы бір басқа, ал діни бағыттағы шығармалардың бізге үндес, мұраттас келетін тұстарын бірінші кезекке шығаруымыз керек. Адамдарды ысырапшылдықтан, нысапсыздықтан, қомағайлықтан ірқу үшін ойлап табылған қиял әлемінің өзі қандай мағыналы», – [4,28] деп діни дастандардың тәрбиелік астарына тереңнен үңіледі.

Діни-дастандар – «Бап-Раушан», «Әбу Шамша», «Хазірет Ғали мен Дариха қыз» көркемдік шеберлігімен ерекшеленетін туындылар. Шығармаларға арқау болған негізгі тақырыптар – пайғамбар сахабаларының аңызға айналған жомарттық, сақилық, әділдік іс-әрекеттері мен ғазуат соғысындағы ерліктері, құдай жолындағы адамдардың қарым-қатынасы.

«Хазірет Ғали мен Дариха қыз» – ғибратқа

толы эпикалық дастан. Дастан мазмұнында ислам дінін тарату үшін болған ғазуат соғыстарының жаңғырығы жатқаны анық. Дастанның негізгі қаһарманы – Хазірет Ғали пайғамбарлар сахабаларының ішінде қазақ халқына Әли деген атпен кең танылған Әли ибн Әбу Талиб (600-661) діни мазмұндағы дастандарда бас қаһарман ретінде жырланады. Эпикалық сарындағы дастандарда Әзірет Әли бейнесі әр қырынан сомдалады.

«Хазірет Әли мен палуан қыз Дариха» дастанының бірнеше ақындар жырлаған түрлі нұсқалары бар. Олар «Дариға қыз», «Дариға қыз әңгімесі», «Дариға палуан қыз туралы», «Хазірет Ғали мен Дариға һәм баласы Мәһди» деген атпен сақтаулы. Қиссапшыл ақын Ж.Шайхисламұлының репертуарында да «Дариға қыз» дастаны кездеседі. Қарасақал Ерімбет ақынның «Хазірет Ғали мен Дариға қыз» дастанының композициялық құрылысында пайғамбардың көмекшісі Әли – ислам дінін тарату, орнықтыру жұмыстарының бас қайраткерлерінің бірі ретінде суреттелетін тұлға. Ол – ислам тарихында Хазірет (қазақша Әзірет) атымен белгілі болған. Исламтану тарихында оның қоғамдық-әлеуметтік қызметіне мынадай баға беріледі: *«Ол Мұхаммедтің әскери жорықтарында ер жүрек сарбаз атанды, сонымен бірге, Әли жұрт алдында*

шебер билеуші ретінде көріне білді» [5,24]
Аталған дастанның негізгі оқиғасы – Самарқан қаласының патшасы Қатіреннің жалғыз қызы, әрі сұлу, әрі палуан батыр Дариға мен Әлидің күресуі.

Хазірет Ғалидың Аллаға мінәжат етіп, зарлы өтінішін айтуы да дастанның басты кейіпкері Дариға тұлғасының шынайы келбетін биіктете түседі. Ақын Алладан, Әбубәкірден, Омардан, Оспаннан отыз үш мың сахаба жолдастарынан, әйелі Фатима мен балаларынан тілек-жәрдем, медет тілейді. Ақын дастанындағы Дариғаны жеңе алмаған исламның хас батыры Ғалидың жалбарына жылауы арқылы, осы арада түркі халықтарының, оның ішінде қазақ жұртының исламды мойындауының күрделі жол болғанын да бағамдаймыз. Жаратушыдан бастап, бүкіл исламдық дүниетаным кеңістігіндегі деректі, дерексіз атаулар мен құбылыстардың Дариғаны Ғалидың жеңуі үшін тілекшілікке жұмылуы – ақынның халықтық психология тұрғысында жырлауының көрінісі. Бұл арада Дариға қыз және Ғали тұлғалары көркемдік жинақтау арқылы бүкіл қазақ және тағы басқа түркі халықтарының исламдық және Көктәңірлік діни наным-сенімдерінің қосылу процесін елестете аламыз.

Дастанның негізгі нысаналық түйіні – ислам дінінің Орта Азияға, Қазақстанға келерін

дәлелдеу. Дариғаның жеңілуі, исламға кіруі қазақ халқының да біріндік жүйедегі жолға түсуінің көрінісі. Екі палуанның күресінің соңында жеңілген Дариғаның «*Құдай бір, пайғамбар хақ, Құран шындық*» деп, ислам дініне кіргені, Самарқанд халқының исламдық иманды мойындап, Жәһіннің бұтханасын сындырып, мешіттің құрылғаны, тәуба, калима сабақтарын, жұрттың үйренуі – бәрі де тарихқа сәйкес шындық деректері.

Қазақ топырағында Ғали есімімен байланысты қисса-дастандар көптеп тараған. Ерімбет ақын да ислам дінін тарату жолындағы соғыстарда ерекше ерлігімен танылған Ғали туралы бірнеше мифологиялық аңыздарды дастанға айналдырған. Олар – «*Сәдуақас сақи*», «*Ақтам сақабә*», «*Бап Раушан*».

Қисса-дастандарды ерекшеліктеріне қарай жүйелеуші ғалымдар «*Сәдуақас сақи дастанын*» «Мың бір түн» желісінде жазылған қисса-дастандар тобына жатқызып жүр. Рас, ақын-шайырлар шығармаларында «Қожа Ғафан Сәдуақас» атты қисса бар. Ол дастан мен «Сәдуақас сақи» дастанын салыстырғанда, мүлде басқа мазмұндағы қиссалар екендігі байқалады. Орталық ғылыми кітапханадағы сирек қолдағы «Қисса Қожа Ғафан һәм Сәһд Уақас дастаны» «Мың бір түн» ертегісінен алынып жырланған. «Сәдуақас сақиды» Ақылбек Сабалұлы, Мұса

Байзақұлы сынды ақын-шайырлар да жырлаған. «Сәдуақас сақи» қиссасының сюжеті Мұхаммед пайғамбар сахабаларының бірі – Сад ибн Абу Ваккас есімімен тікелей байланысты. Ол ислам дінінің негізін салушы Мұхамедтен бастап, төрт халифаның тұсында да сенімді, әрі іскер көмекші ретінде танылған тұлға. Қазақ арасына ауызша тараған діни аңыздарда Сәдуақастың ауруға ем болады деп сұрап келген адамға өз баласын өлтіріп, қанын құйып берген жомарттығы туралы аңыз тараған. Сәдуақастың мұсылман халықтарында мифтік бейне ретінде танылғаны «Әлем халықтары мифтерінде» айтылады: *«В малый и средний Азии особенно и популярно мифы об Увейс Корани и Садвакасе. Сад Ваккас в мифах выступает не столько как прославившийся своей щедростью мусульманин: Его решают и просят якобы для исцеления болезни дать пиалу крови его сына, Сад Ваккас закалывает сына и дает просителю кровь. В конце концов по молитве Мухаммада сын Сад Ваккаса воскресает»* [6-186]. Оқып отырғанымыздай, мифтік аңыз сюжеті толық сақталып, ақын-шайырлар шығармашылығында жырға, дастанға айналған. «Сәдуақас сақи» дастанында Әли басқа туындыларындағыдай ерліктерімен емес, оқиғаға байланысты өзгеше қасиеттерін танытатын іс-әрекеттер үстінде көрінеді.

Дастан Ғалидың өз ойынан қайтып,

Сәдуақастың сақилығын мойындауымен шешімін табады. *Дастан идеясы – адамзат жасаған ісіңді міндет етпеу керек дегенге саяды.* Дастан соңында шығыс поэзиясына тән үрдіспен ақынның нақылдық, насихаттық мазмұндағы қорытындысы беріледі. Дастанның идеялық көркемдік әсерлілігін арттыра түсетін афоризмдік тармақтар дидактикалық ой-толғаныстарының көрінісі:

*Көп қума дүниені, жете алмайсың,
Әбден-ақ тірлік, саулық байлық көзің.
Қашанда ғаріптерде болсын көзің.
Мысалы, болса жібектей әр мінезің [7,220].*

Мұхаммед пайғамбардың сахабалары Әзірет Әли мен Сәдуақастың өміріне қатысты бір оқиғаны баяндай келіп, ақын дастанды поэзияда ежелгі заманнан-ақ айтылып келе жатқан сарындық, жомарттық тақырыбындағы өлеңімен салыстыра жырлаған ақын ұнамды қасиеттер ретінде сақилықты үгіттей отырып, жаман қылық ретінде сараңдықтан бездіреді:

*Мәз болма тіршілікте «мен бармын» деп,
Жарты нұл жаныңда қалса жеке дара,
Бес күндік бұл жалғанның мейманысың,
Көңіліне ешбір жанның салма жара!
Сараңның сақтағанмен толмас қоңы,
Сақиға айналады істің оңы [7,221].*

Діни дастандардың ішінде ғибратқа толы қиссалардың бірі – *«Әбу Шайма».*

Дастан Омар Халифтің (585-644) билік құрған кезеңінің бір оқиғасынан өрбиді. Ислам тарихында Омар өте әділдігімен танылғаны белгілі. Халифат тарихында Омар бин әл-Хаттаб былай сипатталады: *«Он был богамолен и балгочестив, скромн в пище и одежде, но его благочестие было активным: он требовал соответствующего поведение и от других, а став халифом не только показывал, но и наказывал. Мусульманская историческая традиция рисует Умар благочестивым и мудрым всеведущим государем»* [8,129]. Ислам энциклопедиясына жүгінсек, тарихи тұлғаны тереңірек таныта түсетін деректер айтады: *«Жыл сайын қажылыққа бару, зинақорлық жасаған адамды таспен атқылау, қамшымен дүре соғу сияқты дене жазасы, Омардың тұсында мұсылман дәстүріне енді»* [5, 142] Халифатты өркендету жолында Омар түрлі міндеттер мен шараларды енгізуге мәжбүр болды. Енді құрыла бастаған Араб халифаты қатал да, әділ басшыны талап етті. Мұсылман халықтарында Омардың әділдігін таныта түсу үшін оның өз баласы Абдолланы жүз дүре соқтырып өлтірткені жайында аңыз бірнеше ғасырлар бойына халық санасынан өшпей, сөз өнерінде жырланып келген.

Ерімбет ақын әке мен бала арасындағы диалогтан кейіпкерлердің мінез-құлқын

танытады. Әке үкімі кінәлі ұлға жүз дүре соғу деп жарияланады. Шығарманың *«Жаза – барлық күнәлілерге бірдей»* деген идеясы – Омар патшаның өз ұлын жазалануынан аңғарылады.

Қисса-дастандардың құндылығы – сенім, наным ақиқаттығын қорғау үшін ұрыстың тарихи шындық деректеріне сәйкес баяндалуы.

Діни дастандардың басты мұраты – көпшілік қауымға ислам шарифаттарын жалаң насихатпен емес, тарихи оқиғалардың жаңғырығы болған Құран хикаялары арқылы ұғындыру, сол арқылы адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу болғанын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: 1975,-216 б.
2. Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. – Алматы: 1995,-344 б.
3. Дастандар II том – Алматы: 1991,-376 б.
4. Бердібай Р. Эпос-ел мұраты. Алматы: 1992,-249 б.
5. Энциклопедия. Ислам. – Алматы: 1995,-285 б.
6. Мифы народов мира II том – Москва: 1987, 681 с.
7. Көлдейбекұлы Ерімбет. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы: 1995,-320 б.
8. Большаков О. История Халифата – Москва: 1993, 294 с.

С.ТАСТЕМИР,
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
2 курс магистранты.
Алматы қаласы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ СИПАТЫ

XXI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде түрлі өзгеріс орын алды. Әлеуметтік, тарихи, мәдени өзгерістер қазақ прозасына да жаңалықтар әкелді. Ел өміріндегі түрлі құбылыстар, құндылықтарды бағалау бағытындағы өзгерістер, өтпелі қоғамдық жүйеге тән кемшіліктер қаламгерлердің назарынан тыс қалмады.

Тоқырау жылдарындағы әлеуметтік жағдайдың төмендігі ел болашағы, ұлттық мүдде жайлы ойлануға, мұндай ауқымды мәселелердің өркендей түсуіне өз үлестерін қосуға мүмкіндік туғызбады. Әлеуметтік жағдайдың келеңсіздігі, қиындығы әсерінен адамзат баласының ішкі әлемі, оның жан дүниесіндегі арпалыстар, сыртқы бет-бейнесі мен іс-әрекеттері де өзгерістерімен көрінді. Бұл адамның жан әлемін алдыңғы орында суреттейтін, ішкі дүниесіндегі сан түрлі құбылыстарды көркемдей, әсерлі түрде жеткізетін сөз өнерінде бейнелі көріне бастады.

Жазушылар адам тағдырын сөз етіп қана қойған жоқ, сол арқылы өмір шындығын, кезең келбетін көркем шындыққа айналдырды. Кез келген образдан белгілі бір идеялар көрінетінін кейіпкер толғанысынан, сөзі мен іс-әрекетінен жазушының өз ойын бағамдауға болады. Қоғам тірлігі, заман ағымы кейіпкерлердің күрделі қарым-қатынасынан, дүниетанымынан, көзқарасынан көрінеді.

Өртүрлі тақырыпты қозғаған жазушылардың негізгі ойы – ол көркемөнер арқылы өмір шындығын көрсету болды. Жазылмақ шығарманың негізгі мәселесі, өзегі, түйіні тақырыпта, өйткені *«Тақырып – жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен құбылыстарының тобы»*[1,159]. Әдебиеттегі өмір шындығы адам тағдыры арқылы көрініп, көркем туынды адам өмірін суреттеумен тығыз байланыста өрбиді.

Қазіргі қазақ әңгімелерінің бағыт-бағдарын айқындай келіп, ғалым У. Қалижанов былай дейді: *«Бүгінгі күні ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар мәселесі – әдебиеттегі өзекті тақырыптардың бірі. Жаһандану ғасырында ғылым мен техниканың дамуымен қатар, адмзаттың талғамы мен санасы да өзгерді. Бұл әдебиеттің де жаңа сатыға көтерілуіне, соны тақырыптардың*

пайда болуы мен жаңа ізденістердің жасалуына ықпал жасады»[2. 437]. Өмір шындығы басты тақырып болған көркем әдебиет үлгісі шеберліктен, ізденістен туады.

Адамды жеке дара қарастырған қаламгерлер оның әртүрлі көңіл-күйіне тоқталады. Адам туралы сөз қозғағанда, қоғам, яғни адамның саяси әлеуметтік жағдайы образды ашуда басты рөл ойнайды. Қоғам дамуына байланысты әдебиеттегі адам бейнесі де күрделеніп дами түседі. Көркем бейне арқылы арқылы қоғамның күрделі мәселелері ашылып жатады.

Кейіпкер тағдыры өзі өмір сүрген ортадан оқшауланбай, қайта сол заманның нақтылы тарихи жағдайларымен, елеулі қоғамдық құбылыстарымен берік байланыста бейнеленсе, онда туындының әлеуметтік салмағы айтарлықтай артып, идеялық-эстетикалық сапасы да жоғары болады.

Қоғамдағы соңғы уақытта белең алған өзгерістер әдебиетіміздің тақырыптық ауқымын кеңейтті. Тақырыптық кеңеюінен шығармашылық еркіндіктің де артқаны байқалады. Қазақ әдебиетінде қазіргі өмір шындығына арналып жазылған шығармалар қатары кең. Олар – осы күннің маңызды мәселелерін көтерген, қызықты қаһарман, жаңа адам бейнесін жасаған көлемді шығармалар.

Көркемдік шындық өнер мен өмірдің

күрделі байланысынан туындайтыны ақиқат. Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетінен, өзара қарым-қатынастарынан, сөзі мен толғаныс, байлам-түйіндерінен, сүйініш-күйінішінен, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасынан, жалпы қаһармандар бойындағы түрлі қасиеттерден қоғам тірлігі, заман ағымы байқалып отырады. *«Тегінде адам табиғатынан күрделі ешнәрсе жоқ шығар. Содан да болар, осы бір жұмбақ әлемнің ашылмаған сырлары әлі де аз емес. Ал, ашылған сырлары өмірдің мәнін тереңірек түсінуге сенімдігін тигізетіні анық. Басқа басқа, осы ретте адам табиғатын жан-жақты ашудағы адамтану іліміне әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қосқан жаңалығының мән-маңызына қарай айқындалады. Сондай-ақ, әрбір көркем шығарма адам болмысындағы қалтарысы көп қат-қабат психологиялық қайшылықтарды қалтқысыз ашқан сайын оқушы сүйіспеншілігіне бөлене түсетіндігіне сөз жоқ»[3,156-157],* – дейді зерттеуші С.Әшімбаев. Әдебиеттің дамуын қаламгеріміздің өмірді зерттеу қарқындарының кеңеюінен, шығармашылық табыстарының молдығынан деп түсінуімізге болады.

Қазіргі қазақ әңгімелері заман шындығына бет бұрды. Тақырып аясы кең. Образдар жүйесі жаңа бейнелермен толықты. Әдебиетке өмірдің түрлі құбылыстарымен тығыз байланыстағы

мінезді, алуан келбетті кейіпкерлер келді.

Қазіргі қазақәңгімесінжан-жақты зерттеген ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі У.Қалижанов: *«Ұлттық және жалпыадамзаттық мәселелерді көтеретін көркем жанрлардың бірі – әңгімелер де тәуелсіздік жылдары дамып-жетілді. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасының, оның ішінде, қазақ әңгімелерінің дамуына, көркемдік, профессионалдық деңгейінің көтерілуіне Бексұлтан Нұржекеұлы, Тынымбай Нұрмағамбетов, Мұхтар Мағауин, Роза Мұқанова, Талаптан Ахметжан, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Думан Рамазан, Айгүл Кемелбаева, т.б. сынды жазушылар айтарлықтай үлес қосты»* [2,439], – дей келіп, қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік көкжиегін саралайды.

Қазақ прозасы, соның ішінде әңгіме жанры мазмұн, түр (форма), пішін жағынан үлкен белеске көтерілді. Көтеретін проблемалары батыл да өткір, ашық та нақты қойылуымен ерекшеленеді. Жалаң өндірістік мәселелер ысырылып, адамның өмірдегі орны, ісі мен табиғатына үңілуге бетбұрыс жасалды.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы прозалық шығармаларда авторлар қазақ халқының басынан кешірген елеулі тарихи оқиғаларды: қазақ халқының қалыптасуы, басқыншылық-шапқыншылық соғыстар, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, отарлық саясат

езгісіне шыдаған халық күйі, экологиялық апат және т.б. озбырлықтарды жеке кейіпкерлер образы арқылы, психологиялық ахуалы арқылы жеткізуге тырысты. Жеке кейіпкер тұрғысынан баға берді. Кейіпкерлер арқылы қазақ халқының тәуелсіздікке деген құлшынысын сипаттады. Қандай зобалаңдарда да адамгершілікті сақтау идеясын ту етті. Мораль тақырыбына Ә.Нұрпейісов, С. Елубай, Қ.Жұмаділов, Қ.Исабай, С.Сматай, Т.Зәкенұлы, Т. Ахметжан сынды жазушыларымыз өз үлестерін қосты. Олар моральдық-этикалық мәселелерді оқырманға тарихи оқиғалар тұрғысынан қозғап, қазақ халқын егемендікке жеткізген адамгершілік қағидаттарын берік ұстанып, ерлік пен елдікті, Отан-Анаға деген адалдықты, өзара татулықты дәріптейді.

Қазақ әңгімесіне тәуелсіздік кезеңінде келген тақырыптардың бірі – ***Желтоқсан көтерілісі. М.Байғұттың «Жоғалған Жұрнақ» атты әңгімесі*** – қазақ үшін қасіретті болған Желтоқсан оқиғасын арқау етеді. 1986 жылы сотталған, кінәланған, азапқа душар болған, қоғамнан шеттетілген, өлген кезде жаназасын шығарудан бас тартқан адамдардың тағдырын бейнелейтін әңгіме.

Тынымбай Нұрмағамбетовтың әңгімесі – ***«Күпия кездесулер»*** де желтоқсандағы оқиғалармен байланысты. Жазушы әңгімесінде

еліміз жетпіс жылдан астам уақыт бойы, тіптен онан да көп мерзімде аңсай жүріп қол жеткізген, елі үшін жанын қиған талай-талай аптал азаматтардың құрбандығы нәтижесінде келген егемендік жайын қозғайды.

А.Алтайдың «Пропуска» атты әңгімесінің тақырыбы да – Желтоқсан. Урбанизация қалаға қуған қазақ ұлтының наласы мен шері, пропискаға отырудың соры. Қала қазақты қабылдағысы жоқ. Әңгіме жолға шыққан Арқат есімді жігіттің бір сәт басынан кешкен драмасына құрылған. Алайда бұл жеке бастың қайғысы емес, бүкіл қазақ қоғамының басына түскен ауырпалықты таңбалайды.

Зерттеуші Г.Орда А.Алтайдың Желтоқсан тақырыбындағы әңгімелеріне былайша баға береді: *«XX ғасырдың соңындағы тарихи мәні зор 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қуғын-сүргінін көрген жазушының «Сібір офицері» мен «Пропуска» әңгімесіне кеңестік жүйенің ыдырауына, қазақ елінің тәуелсіздік алуына алып келген Желтоқсан оқиғасын негіз етіп алған. Бірінші әңгімедегі кеңес офицері Бураханның тағдыр талкегіне ұшырауы – қазақ жастарының көз жасының өтеуі болса, екінші әңгімедегі Арқаттың прототипі – Асқардың өзі. Қазақстанның астанасы Алматыдан пана таба алмай сабылған Арқаттың өз елінде жүріп «өгей күй кешкен» қайғылы өмірі қазақ трагедиясы*

екені рас.» [4,178-179].

Қазіргі қазақ прозасындағы көңіл аударар мәселенің бірі – дін тақырыптарының көрініс табуы. Әңгіме жанрында қазақ қаламгерлері адам өміріндегі діннің алатын орнына тоқталып, діни мәселелерді шығармаларына арқау етті. *«Алайда талассыз бір ақиқатты әрдайым есте ұстауымыз керек. Заманнан тыс әдебиет те, жазушы да болмайды; бәрі де нақтылы заманда туып, сол заман ауанына орайлас әрекет жасайды. Ғасырларды аттап, көне замандардың оқиғаларын шығармаларына арқау етсін; фольклордың я аңыздардың сюжетін пайдалансын; немесе бұлқына шауып, болашақ жайлы талғам-шешімін реалды көрініс етіп, шығармасына ұялатсын, бәрібір жазушы өз заманының қайраткері, өз заманының білім-ғылымына, ұғымына, көзқарасына сүйенеді; өз заманының арман-қиялын, идеалын қару етеді. Сондықтан, әр заманда да қаламгерлер бар күшін алдымен өз дәуірін жырлауға жұмсайды» [5, 288], – дейді Қамзабекұлы Д.*

Қазақ әдебиетінде Мұхамед пайғамбардың (с.а.с), сахабалардың өмірі мен ізгілікті істерін арқау еткен көркем шығармалар бір шоғыр. Қазіргі қазақ қаламгерлері ислам қағидаларындағы құндылық адамды сабырға, төзім мен қайратқа тәрбиелеудегі рухани тірек деп дәріптейді.

Ерболат Әбікеұлының «Тақуа» атты әңгімесі, А.Кемелбаеваның «Ғибадат» әңгімесі де исламдық тақырыпқа өзіндік тұрғыдан келуімен ерекшеленеді. Бұл әңгімелердің өзегі – Аллаға мадақ пен Жаратушы Иеге деген шексіз махаббат.

Тәуелсіздіктен кейінгі қоғамның кейбір жағымсыз тұстары, адам өмірінің түрлі қалтарыстары кезбе, қайыршылар өмірінің қазақ әңгімелеріне арқау болғанынан көрінеді. Кезбелер жайы қоғам дамуының тоқырауға ұшырауымен қатар келіп, қазақ арасын жайлай бастағаннан ақ қазақ қаламгерлерінің әңгімелерінде көріне бастады.

Ш. Мұртаза «Қаңғыбастар мен шағалалар» атты әңгімесінде Алла Тағала жіберген періште іспеттес шағалалар көзімен өмір толқынының айдауымен бомждық жолға түскен міскіндердің тіршілігіне үңіледі. Өзгерген қоғаммен қатар қазақтың сөздік қорына жаңадан енген осы бомж (тұрақты мекен-жайы жоқ адам) сөзі мағынасының көпшілікке таныс болып, тұрақталып қалғанына да біршама уақыт болды. Қалаға арман қуып келген талай қыз-жігіттің тағдыры сан түрлі себептермен түрліше бағыт алып, армандары қол жеткізбес елеске айналып, түрлі тіршілікті бастан өткеретіндігі белгілі жайт. Ауыспалы қоғамға тән өтпелі, өліара кезеңнің қазақ жұртына оңай тимегенін *Қабдеи*

Жұмаділов «Тіленші» атты әңгімесінде әнші жігіттің тағдыры арқылы көрсетеді. Зауыт, фабрикалар жекешеленіп, мәдениет үйлері жабылып, жұмыссыздық белең алған кездегі елдің әбден қажып, рухани құлдырауға ұшыраған сәтін жазушы әңгімесіне арқау етеді.

Асқар Алтайдың «Лайбаран» атты әңгімесі де кезбелер жайын қозғайды. Әңгіме Әкөн есімді бомж жігіттің тіршілігінен сыр шерткен. Ол да балалықты бастан кешірген адам, өмірде жетістіктерге жетуге ол да ұмтылған.

Бүгінгі таңда ер адамдардың азамат деген атқа лайық болмай, ерік-жігерін жасытып, тым ұсақталып кеткені – талай мәрте талқыға түскен мәселе.

Осы тақырыпты өзекке айналдырған А. Әлменбеттің «Бағдат» пен «124-автобус келгенге дейін» әңгімелері. Екі шығармада да арақтың зардабы, ішкіш адамның ешкімге жаға бермейтіні айтылады.

Қаланың бүгінгі тыныс тіршілігі, пәтер қиындығы көркем шындыққа айналуы тың тақырып емес. Алайда, бүгінгі күндегі қала өмірі, жастардың тұрмыс-тіршілігі *Аягүл Мантаеваның шығармаларында* шынайы суреттеледі. Аягүл әңгімелерінде пәтер жалдап тұратын уыздай жас қыздардың ішкі рухани-психологиялық қатпарларына үңіледі. Осы мәселеге барған тағы бір жас жазушы Ерболат Әбікенұлы өзінің кейіпкерлері арқылы пәтер

жалдап тұратын қазақ жастарының өмірін оқырманға таныстырады.

Қай шығармаға болмасын өмірдегі оқиғалар өзек болған. Бүгінгі өмірдің өзекті мәселелерін қаламгерлер кейіпкерлері арқылы көрсетуге талпынады. Кейіпкерлер тағдыры арқылы қоғамда өтіп жататын рухани қарама-қайшылықтарға жазушылар көркемдік таныммен үңіледі.

Әдебиеттер:

1. Платонов К.К. Способности и характер / Теоретические проблемы психологии личности. – М., 1974. – 197 с.
2. 14.Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар – Алматы, Evo Press, 2014. –707 б.
3. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985. – 248 б.
4. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті. Құрастырушы Б. К. Майтанов – Алматы: Арда, 2011. - 640 б.
5. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. Ұлт руханиятының исламдық бастаулары. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 360 б.

Ұстаз ұсынысы

С. А. АККОЖИНА,
Н.Назарбаев білім қоры,
«Мирас» халықаралық мектебі.
Алматы қаласы

ЗЕРТТЕУ САБАҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Сөз басында, Алматы қаласындағы халықаралық «Мирас» мектебі туралы айта кетуді жөн көріп отырмыз.

Біз «Мирас» туралы не білеміз?

«Мирас» мектебі Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары: бастауыш, негізгі және жоғарғы мектеп бағдарламалары бойынша авторизациядан өткен, 2002 жылы Алматы қаласындағы «Мирас» мектебі негізгі мектепті бітіргені туралы Халықаралық Сертификатқа (Британ стандарты) емтихандарын қабылдау бойынша Халықаралық емтихан орталығы ретінде Кембридж университетінің аккредитациясын алған, 2005 жылы мектеп Халықаралық Мектептер Кеңесінің және Жаңа Англия Мектептері мен Колледждері Ассоциациясының аккредитациясынан өткен

бірегей мектеп болып табылады. Және де «Мирас» мектебінде ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және халықаралық білім беру бағдарламаларының талаптарын ескере отырып, өздері дайындаған мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары жүзеге асырылады. Сонымен қатар, негізге алып отырған МЖМББС Халықаралық Бакалавриат бағдарламасымен қалай кіріктірілетіндігі және мектепте қалай жүзеге асатындығы туралы да айта кеткіміз келеді.

Жалпы 3-19 жас аралығындағы оқушыларға арналған Халықаралық Бакалавриат (ІВ) бағдарламаларының жиынтығы бірегей бағдарлама болып табылады. Бастауыш мектеп 3-12 жас аралығындағы балаларға арналған Халықаралық Бакалавриаттың мектепке дейінгі және бастауыш мектеп бағдарламасы (РҮР) бойынша оқытылады. Бұл бағдарлама баланың сабақта және сабақтан тыс уақытта жан-жақты дамуына бағытталған және балалардың зерттеушілік қабілеттерін арттыруға бағытталған 6 әмбебап пәнаралық зерттеу тақырыптарға негізделген. Сонымен қатар, «Зерттеу» атты жеке пән ретінде оқытылады.

Әр бөлімді зерттеу 6 апта бойы жүргізіледі.

Зерттеу бағдарламасының мазмұны бірібірімен сабақтас алты бөлімнен тұрады:

- *Біз кімбіз;*
- *Уақыт пен кеңістікте біздің орнымыз қандай?*
- *Өзімізді қалай танытамыз?*
- *Әлем қалай қалыптасқан?*
- *Өзімізді қалай ұйымдастырамыз?*
- *Ғаламшардағы ортақ тіршілік.*

Сіздердің назарларыңызға жақында ғана «Зерттеу» пәнінде өткен «Әлем қалай қалыптасқан?» атты зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген жұмысымыздың барысын және нәтижесін ұсынып отырмыз.

Зерттеу бөлімнің негізгі ойы: Бақылаулар мен зерттеулер бізге жаңалықтар ашуға және қоршаған әлемді танып білуге көмектеседі.

Зерттеудің тармақтары:

- *Біз айналамыздағы өзгерістерді бақылаймыз.*
- *Гипотеза жасау – ғылыми сөздерді қатыстырып, түрлі эксперименттер жасау.*
- *Ғалым болу.*

Tuning in / Зерттеуге бағыттау сатысы

Тақырыптың басында оқушылар білімдерін алдын-ала бақылау үшін сыртқа шығып, **«Сиқырлы серуен жасайды»**. Осыдан кейін олар айналадан көрген өзгерістер бойынша сұрақтар қояды. Мысалы: *Жапырақтар неге сары түсті? Жапырақтар неге түседі? Жаңбыр қалай жауады? Қар қалай жауады? т.б.*

Алдын-ала бақылаудың бір түрі ретінде оқушыларға зерттеуге байланысты әртүрлі суреттер беріледі. Оқушылар суреттерге қарап отырып, өз ойларын айтады. Олардың айтқан ойлары сол суреттердің астына жазылады. Зерттеуге болатын немесе зерттеуге қатысы бар заттар әкелу туралы үйге тапсырма беріледі.

Finding out / Сұрақтарға жауап іздеу сатысы

Зерттеудің мақсатын оқушыларға тереңірек түсіндіру үшін негізгі ойдың ішіндегі әрбір сөзге жеке тоқталып мағынасын ашамыз.

Қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді бейнематериалдан, презентациядан және эксперименттер жасау арқылы көріп, танысуға болады.

Sorting out / Сұрыптау сатысы

Осы сұрақтар арқылы зерттеуді одан ары жалғастырамыз. Мысалы, оқушының *“Жаңбыр қалай жауады?”* – деп қойған сұрағына жауап беру үшін бірінші оқушылардың жауаптарын тыңдаймыз. Осыдан кейін слайд арқылы жаңбырдың қалай жауатынын түсіндіру үшін табиғаттағы су айналымын түсіндіреміз. Оқушылар осы түсінгендері бойынша сурет салады. Салынған суреттерді жинап, тақырыптың соңына қарай кішкентай кітапшаларын жасап шығады. Тақырыптың соңына дейін бірнеше эксперименттер жасап, олардың бәрін қағаз бетіне салып отырады.

Going further/ Зерттеуді жалғастыру

Осы тақырып барысында оқушылар экспериментті жақыннан көріп танысу үшін қаладағы «Мега» орталығындағы «Экспериментум» залына саяхатқа барды. Ол жерде әртүрлі қызықты эксперименттерді көрді және кейбір эксперименттерді жасауға өздері де қатысты.

Drawing conclusion / Қорытынды шығару

Оқушылар үшін бұл тақырып өте

қызықты өтеді. Олар әр экспериментті үлкен қызығушылықпен бақылап, тыңдап және өздері қайталап орындауға ұмтылады. Осы тақырып арқылы оқушылардың қоршаған ортаға деген көзқарастары кеңейіп, айналасында болып жатқан өзгерістерге қызығушылықпен қарай бастайды. Тақырып барысында орындалатын эксперименттердің барлығы дерлік оқушылардың өздері қойған сұрақтардың аясында өтеді. Мысалы: *Жапырақ неге сарғаяды? Жаңбыр қалай жауады? Күн мен түн қалай ауысады? Су қандай күйде болады? Магнит қандай заттады өзіне тартады? Заттардың тығыздығы деген не? Кристалл қалай жасалады?* деген сияқты сұрақтарға жауап іздеп, зерттеу жұмыстарын оқушылармен бірге өткіздік.

Taking action / Алған білімімен әрекет ету

Тақырыптың соңына қарай оқушылар эксперименттерді өздері презентациялап бере алады. Презентация дайындық барысында қалай өткізетіні туралы дайындық жасалады. Мысалы, ең бірінші әр оқушы өзіне бір экспериментті таңдап алады. Оқушылар презентацияны бір-бірден немесе жұптасып

өткізеді. Жұбын тандайды. Эксперимент өткізу үшін қажетті заттарды жинақтайды. Презентация өткізу жоспарын дайындайды. Бәрі дайын болғанда, біраз дайындық жүргізеді. Осылайша презентация дайын болады.

Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі уақытта зерттеу жүргізу арқылы білім алу өте маңызды және тиімді. Бүтін бір жобамен жұмыс жасау барысында үлкендер мен балалардың өзара бірігіп әрекет етуі – олардың әртүрлі дағдыларын дамытуына және қоршаған ортаны тереңірек танып білуіне көмектеседі.

Оқушының жоба барысында алған біліміне сүйене отырып және оның жеке іс-тәжірибесін басшылыққа ала отырып, бақылау жасауына сондай-ақ алынған нәтижеден әсер алуына мүмкіндік беретін шығармашылық атмосфера қалыптастыруға тырысамыз. Өйткені әр баланы нақты бір шығармашылықпен қызықтырып және баланың қызығушылығы мен бастамасын қолдау арқылы кез келген мәселені шешуге болады.

Осы тәсілдің тиімділігі – ол мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығын және мәселені шешуге ынтасын арттырып, олардың өз беттерінше эксперименттер жасап,

зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік туғызады.

Қорыта келе, педагог-психолог А.И. Савенковтың сөзімен айтқанда *«Біреудің өндіріп қойған білімін дайын күйінде алғанша, өзінің зерттеуін жүргізіп, бақылау және эксперимент жасау арқылы өз пікірі мен пайымдауының нәтижесінде жаңа нәрсені түсіну – баланың табиғатына жақынырақ болады.»*

Сөз соңында, іс жүзінде зерттеу әдістерінің өзекті және өте тиімді екендігін, зерттеу арқылы білім алу – балаға алған білімін талдай білуге, шығармашылық қабілеті мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға, өз бетінше зерттеуге және жаңа нәрсе ойлап шығаруына мүмкіндік беретіндігін және сол арқылы бала қоршаған әлемге табысты бейімделе алатындығын айтқымыз келеді.

Г. НҰРМАНОВА,
№187 М.Шоқай атындағы
орта мектеп.
Қызылорда қаласы

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Қазақ тілі пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерін дамытуға көмектеседі. Аталған тілдік әрекеттер арқылы алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында, ресми/іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы оқушылар өз білімдерін қажетті жағдайларда қолдануды үйренеді, соның нәтижесінде олардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өмірде туындайтын әртүрлі қиындықтарды еңсеру барысында қолдануға мүмкіндік алады.

Аталған әрекеттердің әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру – тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді.

Грамматикалық білім тілдік әрекеттерді қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады.

Тілдік әрекеттің 4 түрі белгілі:

– ***айтылым*** – ауызша вербалдық қарым-қатынас арқылы жүзеге асатын тілдік әрекеттің өнімді түрі;

– ***тыңдалым*** – ауызша ақпаратты түсіну және қабылдаумен байланысты тілдік әрекеттің өнімсіз түрі;

– ***оқылым*** – жазбаша мәтінді түсіну және қабылдаумен байланысты тілдік әрекеттің өнімсіз түрі;

– ***жазылым*** – графикалық үлгіде ойды жарыққа шығаруды қамтамасыз ететін тілдік әрекеттің өнімді түрі [5].

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет.

Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда, бүгін

«Нені үйретем? Оны қалай үйретем? Не арқылы үйретем? Не үшін үйретем?» деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіңе, яғни мұғалімге, аударуға бар күш-жігерін жұмсауы керек. Жаңартылған оқу бағдарламасының спиральдік қағидаты бойынша сынып жоғарылаған сайын әр дағды элементтерінің де оқу мақсаттары күрделеніп отырады. Оқушылар әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну, тапсырмаға, аудитория мен мақсатқа сай келетін терең жазбаша материал өндіру үшін аталған дағдыларды қолдануда шеберлігі арта түспек.

Осы төрт дағдының ішіндегі оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын ***жазылым дағдыларын*** қалыптастырудың жолдарын саралап көрсеткім келеді.

5-9 сыныптағы ***«Жазылым» әрекеті*** оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

– *жоспар құру;*

– *әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;*

– *жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну; эссе жазу;*

– оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

– мәтіндерді түзету және редакциялау[1, 16 б.].

Бірлескен жазылым әдісі – оқытудың интербелсенді түрі, онда мұғалім алдымен көрсетеді, мәтінді құрастыруға мүмкіндік берердің алдында оқушылардың ойларын жинақтап, оларды толықтырып түзетеді. Мұндай тәсіл оқушыларға өздерін соншалықты табысты сезінуге мүмкіндік береді, себебі жеке жұмыс барысында олар өздерін бұлай сезіне алмайды.

Көбінесе оқушылардың бойында жаза алмаймын деген қорқыныш болады. Сондай-ақ «Жазылым» сөзін естігенде, баланың ойына қызықсыз, жалықтыратын әрекеттер келуі мүмкін. Әрине, «белгілі сөз көлемінде жалаң тақырыпқа эссе жазу» тапсырмасы оқушыны жалықтыруы мүмкін. Жазылым оқушылардың жоғары мотивациясын қажет ететін дағдылардың бірі болып табылады. Егер оқушылардың жазылымды орындауға қызығушылығы болмаса, оқу үдерісі кезінде алынған тәжірибе тиімсіз болады. Осы қорқынышты жеңу үшін жазудың барлық адамның қолынан келетіндігін ұғындыра

келе, сыныбы туралы жазуға, соңғы оқыған кітабы туралы, болмаса, атасы мен әжесінің өмірбаянын жазуды, не өзі құрметтейтін адамнан сұхбат алып, соны жазуға кеңес берген дұрыс.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары – **продуктивті жазылым және процесті жазылым.** Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылымдеп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым барысында мәтінін, оның мазмұнын, лексикасын, стилін және құрылымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер оқушыға қалай жазу керектігі туралы ой салады. Егер мұғалім оқушыларды жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды үйретсе, бұл процес **жазылым** деп аталады. Толығырақ айтқанда, **оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге, соңғы нұсқасына дейін орындата отырып, белгілі бір мәтінді құрастырту.** Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге

дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуын, сауаттылығын бақылап, ондағы идеяларды бағалайды, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал тұстары туралы ойлануға мүмкіндік алады.[3,9б.].

Жазылым әрекетіне келмес бұрын оқушылар *тыңдалым, айтылым, оқылым* тапсырмаларын орындайды. Яғни белгілі бір тақырып төңірегінде ***әңгімелейді, тыңдайды, толықтырады, түсіндіреді, суретпен, бейнероликпен жұмыс жасай алады.*** Осы барлық іс әрекеттер арқылы оқушыларды жазылымға алып келеміз. Жазылым мұғалім жетекшілігімен жүреді және бірлескен жазылым болады. Бұл жерде қорқыныш болмайды. Балалар бірлесе отырып, өз ойын топта талқылап, толықтырып, жинақтап, түзетіп, қағазға түсіреді.

Мұғалім жазу үдерісінің әр кезеңінде оқушыларға қолдау көрсетіп отырады:

өз бетінше жазудың алдында – идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әртүрлі әдістерін модельдеп

көрсетеді және бастапқы нұсқаны (нобайын) жазу үдерісін ұйымдастырады;

жазу барысында – оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай екенін (мысалы, етістіктің шақтарын дұрыс қолдануы), сөздердің үйлесімділігін (байланыстырушы сөздердің қолданылуы) қадағалайды;

жазып болғаннан кейін – жұмыстың алдынала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды, жазудың одан кейінгі кезеңдерін талқылайды, қажет болса, оқуды күрделендіреді [2,30 б.].

5 сыныптағы ***«Жазылым» әрекетінің «Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» дағдысының*** «жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу» мақсатына сәйкес қандай тапсырмалар беруге болатынына тоқталып өтейін.

Оқушылар өз бетінше жазудың алдында, жазылымға дайындау барысында, тапсырма бойынша ой бөлісіп, жазылым тапсырмасының ерекшеліктерін талдап, оқушыларға үлгі мәтін ұсынуға болады.

Тапсырма бойынша ой бөлісу	Жазылым тапсырмасының ерекшеліктерін талдау	Үлгі мәтін ұсыну
<p>ХАТ</p> <p>- Балалар, осы күні бір – біріңмен хат алысып тұрасыздар ма?</p> <p>- Қазір хат неге мүлде сирек жазылады?</p> <p>- Жазған хаттарыңды қалай жібересің?</p> <p>- Хатың иесін қалай тауып барады?</p> <p>- Хатқалтаның сырты н сауатты толтыра аласың ба?</p>	<p>ЖАРНАМА</p> <p>Жарнама, реклама (франц. <i>reclame</i>, лат. <i>reclamo</i> — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.</p>	<p>ХАБАР-ЛАНДЫРУ</p> <p>2003 жылдың 8 мамыр күні, таңертеңгі сағат 10-да университеттің мәжіліс залында Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесу өткізіледі.</p> <p>Бағдарламада:</p> <p>1. ҚазҰТУ ректорының құттықтау сөзі.</p> <p>2. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің естелік-әңгімелері.</p> <p>3. Көркем-өнерпаздардың концерті.</p> <p>Ректорат</p>

Жазылым тапсырмасы: Критерий ұсыну, алғашқы нұсқаны жазу (шимай), өңдеу және редакциялау, соңғы таза нұсқа.

Тапсырма	Критерий	Дескриптор
<p>1. Сіздің қалаңызда жаңадан тіл үйрену орталығы ашылды. Көп адам тарту мақсатында шағын жарнама парақшаларын тарату қажет. Жарнама агенттігі ретінде осы тіл орталығын жарнамалаңыз.</p>	<p>1.«Тіл орталығын» жарнамалайды.</p> <p>2. Жарнаманың құрылымы мен жанрлық ерекшелігін сақтайды.</p>	<p>1.Тіл орталығының атауы, ерекшеліктері, орналасқан жері, жүргізілетін қандай да бір жеңілдіктер, курс бағасы, қанша тілді меңгеруге болатыны жайында ақпаратты қамтыңыз.</p> <p>2. Парақша дизайнын назардан тыс қалдырмаңыз.</p>
<p>2.Халықты көп тіл білуге үндеу мақсатында «Ақжелкен» журналына «Полиглот» тақырыбында мақалалар конкурсын ұйымдастыратын-дығы туралы хабарландыру жазыңыз.</p>	<p>1.«Ақжелкен» журналы ұйымдастыратын конкурсқа хабарландыру жазады.</p> <p>2.Хабарландырудың құрылымы мен жанрлық ерекшелігін сақтайды.</p>	<p>1.Хабарландырудың мақсатына назар аударыңыз.</p> <p>2. Мақаланы қабылау күндері, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау қалай жүргізілетіні туралы ақпараттарды қамтыңыз.</p>

Жазылымнан кейінгі тапсырма:
Жұмыстарымен таныстыру, жазылым тапсырмасы бойынша ой бөлісу, рефлексия.

Феррис (1997) оқушылардың өз жазба жұмыстарына сыныптастарынан тікелей кері байланыс алуы олардың жазылым сапасына жағымды әсер ететінін анықтады. **Берг (1999)** сондай-ақ тиімді жазылым үшін қайта қараудың оң ықпалы зор екенін анықтады.

Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тыңдаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра, бетпе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде, қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы дәл осындай асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады.

«Жазба жұмыстарын әр түрлі формада ұсыну» дағдысының 5-сыныптағы **«сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру»** мақсатына жету үшін мұғалім **«Суретті мұқият тамашала, оның мазмұнына көңіл бөл. Суреттегі әр детальға назар аудар. /Бұл жерде не болды? Не бейнеленген? Неге және қалай?/ Суретші бейнелеген сәтке дейін**

не болғанын және одан кейін не болатынын көз алдыңа елестетіп көр. Әңгіменің негізгі ойы және тақырыбын анықтап, соған байланысты ат қой» дей отырып, оқушыларды әңгіме жазуға жетелей білу керек. Сыныптағы оқушылардың қажеттілігін ескере отырып, тапсырманы түрлендіруге болады.

1. Бірнеше сурет беріп, сол суретті реттілігіне сәйкес орналастырып, суреттер желісі бойынша әңгіме құрастыру.

2. Бір ғана сурет ұсынып, сол суретте бейнеленген сәтке дейінгі оқиғаны әңгімелеуді немесе суретте бейнеленген сәттен кейінгі оқиғаны әңгімелеп жазуды ұсыну.

Ал **«Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу»** мақсатына жету үшін оқушы алдымен жинақы мәтіннің жанрлық түрлері мен жиі қолданылатын жолдарын білуі тиіс.

Жинақы мәтін – бастапқы мәтіндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу. Мысалы:

– берілген ақпараттарды ықшамдап кестеге түсіру;

– авторлық баяндауды диалогке айналдыру; диалогтен баяндау мәтінін құрастыру;

– мәтінді тірек сызбаға айналдыру;

– ақпарат желісін сақтап, тезис түрінде беру,

т.б. Жинақы мәтін түпнұсқа мәтіннен 75 % дейін қысқа болады. Егер кітап болса, мәтіні 99% ықшамдалады.

Өз ойларын жинақы мәтінге қосуға болмайды. Жинақы мәтін тек автор идеясынан ғана тұруы керек.

Жинақы мәтіннің жанрлық түрлері:

- аннотация;
- конспект;
- кесте,
- ықшамдалған мәтін,
- тезис,
- диалог,
- презентация,
- схема.

Жинақы мәтін құрастыру жолдары

Мазмұндық өңдеу:

– Мәтінді мұқият оқу және негізгі, қосымша ақпараттарды анықтау; қосымша ақпараттарды сызып тастау.

– Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеу.

– Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдау.

– Мәтін түпнұсқасының сілтемесін көрсету.

Мысалы: Абай айтқандай..., «Ұлан» газетінде ..., Мақалада «.....» берілген, т.б.

Мәтінге тілдік өзгеріс енгізу:

– Алынған ақпаратты барынша қысқа беру

үшін лексикалық, грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдау білу. Мысалы:

– Қайталауларды жалпылауыш сөздермен алмастыру;

– Сөздерді синонимдермен алмастыру;

– Бірнеше жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге немесе құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдерге айналдыру[4,58 б.].

Сондай-ақ, 5 сыныптағы «Жазылым» әрекетінің «Мәтіндерді түзету және редакциялау» дағдысының «мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау» мақсатына сәйкес төмендегі жұмыстарды жүргізуге болады.

Бастапқы мәтін	Нені өзгерттің?	Неге өзгерттің?
1. Мұғалім с ы н ы п қ а өткен сабақта жазған жазба жұмыстарының ішінен түзетуді қажет ететін жұмыстарды алып келеді. Оқушылар жұмысқа түзетулер енгізеді. Жұмысты о р ы н д а ғ а н оқушының аты-жөні көрінбей тұрғаны дұрыс.	1. Т ү з е т у б а р ы с ы н д а орфографиялық қателердің астын сызып, түзетеді. 2. Т ы н ы с белгілерді орынды пайдалануға назар аударады. 3. М ә т і н д е г і сөздер мен сөз оралымдарының б е р і л у і н д е г і жіберілген қатені табады;	Егер түзету енгізсе, неліктен енгізгені туралы түсініктеме береді, орфографиялық сөздікке сіл-теме жасайды, белгілі бір ережеге сүйенеді.

<p>2. Мұғалім белгілі бір мәтінге немесе өзгертулер енгізіп мәтін келеді. Бұл оқушылар түзету енгізгеннен кейін бастапқы дұрыс мәтінмен салыстыруға қолайлы.</p>	<p>Оқушылар осы сілтемелерге сүйеніп, қателіктерді түзетеді.</p>	
--	--	--

Оқушылар *«мәтіндерді түзету және редакциялау»* деген мақсат бойынша жұмыс жүргізгенде газет-журнал мақалаларымен *«Негативтен-позитивке»* тапсырмасын қызыға орындады. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келесіз. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырасыз. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады. Бұл тапсырма мақаланы қайта өңдеп жазуға

көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі.

Жай ғана көшіру немесе шығармашылықты талап ететін жазбаша тапсырмалар берілгенде, ол есте сақтауға белгілі бір жағдай тудырады. Жазба жұмыстарынсыз лексика-грамматикалық материалды есте сақтау оқушыларға қиындық туғызады.

Осылайша, күн сайын сабаққа жаңа әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, белсенділігі аз жазылым сынды дағдыны да қызықты етіп өткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
3. Ақсұлу Құлмағамбетова. «Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары» оқу-әдістемелік құрал. 2014.
4. Қазақ тілі. Оқу жоспары. 2017-2018 оқу жылы. 5-сынып. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББ
5. Абзалбек Л.С. Тіл сабақтарындағы тілдік әрекеттің түрлері. <http://gazeta.orleu-kgz.kz>.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ЫРЫМДАРЫ

Салт – кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет-ғұрып, дәстүр. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді.

Жаңа қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады.

Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.

Дағды, әдет-ғұрып деген ұғымдар адамның мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген

кылықтарды білдіреді.

Аластау – ырым. Шамандық наным-сенімнен қалған. Аластау арқылы көз, тіл тигенді қайтару, ауру-сырқауды, үй-жайды бәле-жаладан тазарту аластау арқылы жүргізіледі. Үй-ішін аластауға қазақтар ертеден бастап **адыраспанды, аршаны** пайдаланған, аршаны үйдің кез-келген бұрышына іліп қойған. Егер үйге көз тиген болса, адыраспанды немесе аршаны табаға салып тұтатып, түтінімен бүкіл үйді аластап, есіктерді жауып қойған. Қазіргі кезде жаңа үйге кірген кезде үйді аластау әдетке айналған.

Аузына түкіру – ырым. Ертеден келе жатқан ырым бойынша, қазақтар белгілі батырлар мен билерге, ақындарға, тағы басқа елге белгілі адамдарға жас сәбидің аузына түкіртіп алатын болған. Оның мақсаты – сәби сол адамдардай өнегелі кісі болсын деген ұғымнан туған.

Бие байлар – сауылатын биелерді көктемде алғаш рет байлар алдында жасалатын ырым. Желіні тартып, құлындарды байлау кезінде мал сойылып, ауылдағы адамдар түгел қонаққа шақырылады. Бие байлар көктем шығып, ақтың молайған кезінде жасалған.

Шөміш қағу – ырым. Көктемде сәуір айының бас кезінде көкжиекті бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Осы кезде ата-

бабаларымыз «күн күркіреді, көк дүрілдеді» деп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Осы алғашқы күн күркіреген кезде киіз үйдің босағасына, табалдырығына ағаш шөмішті тигізіп:

Айран, сүт көп болсын,

Жақсылық көп болсын,

Жабырқау жоқ болсын.

Ел-жұрт тоқ болсын, –

деп тілеу тілеп, көктемнің алғашқы найзағайлы күркірек жаңбырын қарсы алады. Осыны *шөміш қағу* деп атайды.

Шашу – әдет-ғұрыптың бір түрі. Жаңа түскен келіннің, жаңа туған нәрестенің тойына барғанда, қуаныштың белгісі ретінде құрт, кәмпит, шашады. Шашуды әдетте жасы үлкен әйелдер, әжелер шашады да, оны жас балалар теріп алады. Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, той жасаған үйге оның жақындары «*тойға шашу*» деп, тәтті тағамдар әкеледі.

Тұсау кесу – бала тәрбиесіндегі әдет-ғұрып, ырым. Баланың аяғын жіппен немесе қойдың піскен майлы ішегімен тұсап, бала-шағалы, аяғы жеңіл, ақкөңіл адамға кескізеді. Тұсау кесу құрметіне тағам дайындап, көршілерді жинап, кішігірім той жасайды. Тұсау кескен адамға сыйлық беріледі. Тұсауды ала жіппен кесу көне шаман дінінен қалған.

Аяғына жығылу – ғұрып. Кешірім сұраудың ең үлкен және кішіреюдің ең ауыр түрі – аяғына жығылу деп аталады. Мұнда айыпты адам жанына беделді адамдарды ертіп, тиісті адамның үйіне барып, кешірім сұрайды. Егер іс қиындап асқынып кетсе, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғын құшып, кешірім сұрауы керек. «Аяғына жығылу» жазамен бірдей болып есептеледі.

Ант, серт, уәде – халқымыздың сенім кепілінің көрінісі. Ант жаудан өш алу, еларалық келісім, адалдықтан айнымау сияқты маңызы жоғары жағдайларда ғана айтылады. Ел ішінде адамды «ант атқан» деп жек көрген. ***Ант – адалдық сөзі.***

Айдар – ғұрып. Балалардың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қояды. Мұны «*айдар*» деп атайды. Бұл ғұрып негізінен ер балаға жасалады. Мысалы, Кенесарының інісі атақты Наурызбай батырдың ұзын айдары болған.

Сәлемдеме – біреу арқылы жіберілетін аманат зат; туыстық жағынан жақын адамдардың бір-біріне жіберетін сыйы. Өзінің бару мүмкіндігі болмай, сол жаққа жол түскен таныс адамдар арқылы сәлемін жолдайды. Сәлемдемеге ақша, көйлек-көншек, орамал

немесе соғымнан сақталған сыбаға жібереді.

Енші – қазақ дәстүрінде үйленген баласын бөлек отауға шығарғанда, ата-анасының бөліп беретін мал-мүлкі, балаға тиісті үлес. Еншіні үлкен ата, әке, олар жоқ болса, ұлдың үлкені бөледі. Қара шаңырақ пен ата-ана кенже баланың қолында қалады. Дәстүр бойынша ұлдың үлкені әке дәулетінің үштен біріне, кенже екіден біріне, ортаншылар төрттен бір үлесіне ие болады.

Айттыру – қызға құда түсер алдындағы салт. Жігіттің әкесі кісі жіберіп, қыздың басының бос екенін, әке-шешесінің айттыруға қарсы емес екендігін біледі. Содан кейін қызды ресми түрде айттырады. Ескі салт бойынша қызға жігіттің, жігітке қыздың есімін ататады. Той қамы, басқа да әртүрлі жол-жоралғы осы жолы кесіледі.

Ауыз тию – ғұрып. Алыс сапарға, емделуге шыққан адам ауылдың үлкен үйінен дәм татып аттанатын ырым бар. Бұл «қара шаңырақтың иесі» қолдасын деген сенімінен шыққан. Сондай-ақ дастарқан үстіне келген адам дәмнен ауыз тиюге тиісті деген ырым бар. Қазақтың дәстүрі бойынша, үйіне келген адамға дәм ауыз тигізбей шығармау керек.

Жол беру – қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптарындағы этикалық жоралғы. Жасы

кіші адам үлкенге бөгет жасамай, жол босатады, үй ішінде төрге отырғызады, астан дәм татар кезде де осы әдеп сақталады.

Сүйінші – қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. Дүниеге жас нәресте келгенде, келін түскенде, алыстан сағынған адам келгенде, жоғары атақ берілгенде, үлкен сыйлық алғанда қуанышты хабарлаушы адам сүйінші сұрайды, осы кезде бағалы зат немесе ақша берілуі керек.

Сыйлық – тұрмыс салт-дәстүрі, құрмет көрсету, ол барлық халықтар арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Сыйлық бұрын қазақ қауымында мәртебелі адамдарға, дарынды ақын-әншілерге, құда-жекжаттарға берілген. Сыйлыққа түйе бастаған тоғыз берген, ат мінгізіп, шапан жапқан немесе басқа да бағалы заттар берген. Ал қазіргі кезде үздік өнерге, озат адамдарға, үздік спортшыға ақшалай сыйлық беру әдетке айналған.

Сыралғы – дәстүр. Олжалы, қанжығасы қандалып келе жатқан аңшыдан сұралатын жол *сыралғы* деп аталады. Аңшылар сыралғының сөзін жерге тастамайды.

Той – әдет-ғұрып дәстүрі. Дүние жүзінің барлық халықтары той жасайды. Қазақ халқының мәдени өмірінде той ежелгі заманнан

бастап үлкен орын алған. Мысалы, қыз ұзату, үйлену, шілдеhana, сүндет, наурыз тойлары. Қыз ұзату, үйлену, сүндет тойларына ат шаптыру (бәйге), балуан күрес, көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық ойындар өткізіледі. Тойдың жақсы дәстүрлері бүгінде сақталған, үйлену тойында жар-жар айтылады, түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

Тоқымқағар – қазақтың ескі дәстүрі бойынша жас жігіт алғаш рет жолаушы жүргенде берілетін жолаяқ, кәде. Алыс жолға кеткен жігіт аман-есен келсін, тоқымы жерде қалмасын деген жақсы тілек білдіруге байланысты берген. Тоқым қағуға арнайы қой немесе қозы сойылады, болмаса қазы-қарта асылады.

Сыбаға – қазақтың ежелден келе жатқан кәделерінің бірі. Соғым кезінде ауыл адамдары бір-біріне сыбаға берген. Сыбаға келген үй әкелген сыбағаға көрші-қоландарын, жақын туыстарын шақырады. Сыбаға әкелген табаққа тиісті сыйлығын салып қайтарады. Көбінесе отау үйдің адамдары қара шаңыраққа немесе жасы үлкен адамдарға сыбаға береді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Той малы

Той малы – дәстүр. *«Жүз жылқы той малына кетінті» (М.Ж.Көнеев).* Келін алуға келген қадірлі құдалар елдің салт-дәстүрі бойынша сән салтанатымен, жөн жосығымен келіп түседі. Бұл жолдың кәде жоралары да көп болады. Соның ішінде ең басты кәдесінің бірі – осы топқа арнайы әкелген **«той малы»** деп аталатын жолды дәстүр. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Күйеудің абырой, беделі осы кәдеге де байланысты болады. Бұған қымбат мата, бұйым, жеміс, қант, шәй да қосылады. Әкелген мал арқылы құдалар қыз әкесінен, атасынан немесе сол ауылдағы жолы үлкен ақсақалдан бата сұрайды. Батадан кейін әлгі мал сойылып, тойға жиналғандар одан ауыз тиеді. Той малы толымсыз болса, қыз жеңгелері құдалардың бетіне басады. Сондықтан да «той малының» мүшесі түгел әрі семіз болуы қатты қадағаланады

Дәмету

«Дәметкен сары майдан кеудең құрсын» (халық өлеңі).

Дәметудің әр түрі бар. Ал ырымда жас келіншектердің дәметуінің жөні бөлек. Жас балалар мен келіндер ата ежелері қонақтан келсе, олардан тәтті дәмететін әдеті бар. **Әсіресе, балалы жас келіндер дәметсе, оның меселін қайтаруға болмайды.** Өйткені, дәметіп отырып ойындағысы болмаса, оның емшегі ісіп кетеді. Бұл – өмір шындығы. Ал үлкен кісілер, аналар, әжелер жас келіншегі бар үйге “дәметіп қалар” деп, қашанда қалтасына дәм тұзын сала жүреді. **Бұл – әркім ескере жүретін ескіден келе жатқан ырым.**

Қалың мал

«Қалың мал» – дәстүр, кәде. *«Мен ат тон айыбымен қалың мал қайтартпақшы болдым зой» (С.Көбеев).* Құда түсу рәсімі келісілген соң, дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуге тиіс. **Бұл – қазақ, қазақ болғалы бұлжымаған ежелгі дәстүр.** Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен дәулетіне байланысты екі жақ келісе отырып шешеді. *«Бұрынғы кедейлер арасындағы қалың мал мөлшері бес алты малмен тынса, ірі байлар арасында екі жүз, бес жүз, мың жылқыға дейін жеткен. Би мен байлар, хан мен төрелер арасында қалың мал үстіне «бес жақсы» деп аталатын*

бес түйеге қосып бір «жетім қыз (күң), «аяқ жақсы» деп беретін үш түйеге қоса бір «еркек жетім» (құл) бергендігі кейбір деректер арқылы белгілі. Қалың малдың «қырық жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», « жиырма жеті», « он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. Мұның сыртында той мал, сүт ақы, күйеу апаратын ілу, өлі-тірі апаратын, тағы басқа көптеген бағалы кәде, жоралар да болады. Бұған кеңес үкіметі кезінде «қызды малға сату» деп қара күйе жағылып келді. Ал, шындығында, қыздың жасауы «қалың мал» мөлшерінен кем болмаған. Демек, бұрынғы дала заңында бұл ескерілген сияқты. Әрине «қалың мал» құдалардың дәулетіне байланысты болған. Бұл істе әркім өз шама шарқына қарай белгілеген. Бұрынғы заманда «қалың мал» байлық пен мырзалықтың дәрежесін әйгілейтін көріністің айғағы болғаны шындық.

«XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Кіші жүзде Байсақал мен Орта жүзде Сапақ құда болған. Сонда Байсақалдың қызының «қалың малы» бес жүз жылқы болған. Үш жүз жылқы қара малы, жүз жылқы үйге кіргізер, жүз жылқы той малына кетіпті». (М.Ж.Көпеев).

Күйеуаяқ

Күйеуаяқ – ғұрып. Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата-енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

Түйемұрындық

Түйемұрындық – ғұрып. Бұл – ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноқтасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.

Қыз қашар

«Қыз қашар» – дәстүр. *«Былайша қыз қашар дәстүрін өткізетін үйді «болыс үй» дейтін көрінеді».* (Х.Аргынбаев). Күйеудің келуін «ұрын келу» десе, қыздың атастырылған күйеуін көруі «қыз қашар» дейді. Бұл «ұрын тойы» өтетін күні болады. «Ұрын той» – жастар үшін көңілді, думанды тойлардың бірі. Бұған жас жеңгелер мен жастар қатысады. Күйеуден алынатын «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрне

қимылдатар» тағы сол сияқты кәделер осы жолы беріледі. Екі жастың бірін-бірі көріп, тілдесуі де осы тойда болады. Екеуі де бірін-бірі ұнатып, қалыңдық жігітке қыз белгісі орамалын және оның іні-қарындастарына да түрлі сыйлықтар береді.

Күйеу ұрын барғаннан кейін құдалық бұзылатын болса, қазақ заңында бұл – өте ауыр іс. Үлкен дауға кетеді. Күйеу себепсіз бас тартса, бұрынғы берілген мал қайтарылмайды және айып салынады. Батаны қыз жағы бұзатын болса, қалың мал толық қайтарылады әрі айып төлейді.

Балдыз қалың

Кейде қалыңдық қайтыс болатын жайлар кездеседі. Мұндайда қалың малын төлеген болса, онда сол үйдің екінші қызын алуға құқы бар. Егер ер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса, төлеген малдың жартысы қайтарылады. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдыз қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Күйеу бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса, «балдыз қалың» төленбейді.

Күйеу киімі

Күйеу киімі – салт. *«Әкесі күйеу, шешесі қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді.*

ки!». Күйеу міндетті түрде «күйеу киімін» киюге тиіс. Алдынан шыққан жеңгелер мен жас қыз келіншектер күйеуді киімінен танып алады. Сондықтан күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінеді. Бөркіне үкі тағып, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кішілік көрсетіп тұрмаса, айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды. Сол бетімен қыз-келіншектердің ортасына түскен күйеу небір азапты әзіл қалжыңға төзеді. Оның мінген атын «күйеу атымен күл тасы» дегендей, ауыл балалары мініп алып қызыққа бөленеді. Бұл да – ауыл салты

Шаңырақ көтеру

Шаңырақ көтеру – салт. Жас отаудың алғаш рет шаңырағын көтерудің өзі – қазақ үшін тағы бір қызықты, ерекше сәт. Мұны қазақ салт дәстүрін жетік білетін белгілі этнограф жазушы Ахмет Жүнісұлы былай деп жазған: *«... қазақта отаудың шаңырағын албаты адам көтермейді. Бұған баласы көп, кәрі күйеу керек. Оны қос атпен болса да алғызады. Ыңғайлы жер болып, отау өте үлкен болса,*

кәрі күйеу шаңырақты аттың үстінде тұрып көтереді. Бұл еңбегіне ол не ат мінеді, не түйе жетектейді. Бұған малды отауды көтерткен жақ береді». (А.Жүнісов «*фәниден бақиға дейін*»).

Әдетте, киіз үйдің шаңырағын ер адамдар көтереді. Ал, жас отаудың шаңырағын кәрі күйеуге көтертуде үлкен мән, ырым бар. Өйткені «жасы үлкен күйеу» қашанда елге сыйлы және тілектес адам. Және күйеу қартайған сайын жұртына қадыры, сыйы арта түседі. Қазақ елі осы жолдан әлі айырылған жоқ. Кәрі күйеу келсе, ауылдың үлкен-кішісі, еркек-әйелі онымен бір қағыспай, қажаспай қалмайды. Оның шаңырақ көтеруінде де осындай терең сыйластық бар.

Шаңырақ түйе

«Шаңырақ түйе» – дәстүр. Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің (шешесі, жеңгесі, сіңлісі, т.б.) мініп келе жатқан көлігі **«шаңырақ түйе»** деп аталады. Және ол келін үшін ыстық қасиетті мал болып саналады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бөтен адам мінбейді. Егер міне қалса, оны көрген жұрт *«пәленше келіннің шаңырақ түйесіне мініп келді»* деп

келемеждеген. Ертедегі салт бойынша көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдымен жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, «шаңырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан.

Итаяғына салу

Итаяғына салу – дәстүр, ырым. Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда, не есік көруге шақырғанда, әйелдер не үлкен әжелер оған «итаяғына» сал деп сақина, күміс, жүзік сияқты заттар береді. «**Итаяғына салу**» деп – келіншек босанып, баланы шаранасынан жуатын суға, яғни, «шілде суына» әлгіндей күміс жүзік, сақина, күміс түйме сияқты заттарды ыдысқа салып жіберіп, нәрестені жуатынын айтады. Жуып болғаннан кейін әлгі заттарды сол жердегі әйелдер ырым қылып бөлісіп алып, мәз мейрам болып тарасады.

Қапқа салар

Қалыңдығын алуға келген күйеу барлық жол-жоралғыларымен, яғни, құдалық кәделерімен, үлкендерге арналған сый-сияпатымен, той малымен келеді. Той басталды. Қыз өз

үйінен аттанар алдында, оның әкесі барлық құдаларға киіт кигізеді. Күйеу баласына да

сыйлық береді. Бірақ ол киіт емес «**қапқа салар**» деп аталады. Ол бағалы киім, қымбат ер тоқым, жігіт жарақтары немесе мал болуы мүмкін. Әрине, бұл – қайын атаның дәулеті мен мырзалығына, абырой-беделіне сай жасалатын жолды дәстүр.

Сыңсу

Сыңсу – салт. «*Халқымызда тұрмыс салт жырларының ең көп тарағандарының бірі – сыңсу*». Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанар алдында ағайын-туғандарын аралайды. Былайша айтқанда, қоштасады (Бірақ бұл дәстүрлі қоштасу емес). Жеңгесін ертіп, ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата-анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Ондай өлең жырды **сыңсу** дейді.

Базардан келген құйысқан,

Тарамай шашым ұйысқан.

Келіп кетіп жүріңдер,

Сағындырмай туысқан – деп, өзінің өтінішін де айта жүреді. Қыздың сыңсуы – жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салтанатты салт. Бұл – адамгершілік, әдептілік жағынан алғанда

да өте орынды дәстүр. Өйткені балалық күндерден ағайын ортасынан бөлініп кету оңай іс емес. *Ал қазақтың қазіргі қыздары бұл дәстүрдің алтын арқауын үзді десе де болады. Өйткені ауыл, үй аралап сыңсу, жылау түгілі, оң жақтан аттанарда күліп, қуанып жүргендерін де көз көрді. Бұл ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің ұмытылғандығынан деп танимыз.*

Үй көрсету

Үй көрсету – дәстүр. Жана түскен келінді туыс-туған, көрші-көлем, ілік-жекжаттар «үй көрсетуге» (шығыс жақ «отқа шақыру» дейді) яғни, есік ашарға шақырады. Мұның мағынасы – келін отбасымен танысып, үйге келіп жүрсін деген сөз. Бұл үйге келін құр қол бармайды, кәде-жорасымен барады. Мұны «ілу» дейді. Бұл мәселені шақырған үйдің дәрежесіне (үлкен, кіші деген мағынада) келіннің енесі шешуі керек. Мұнымен бірге келінді шақырған үйлер келіннің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, яғни, әдеп, тәртібін байқап сынап отыратыны да бар. *Мұны болашақ келіндер ескере жүруі керек. Өйткені аталған дәстүр әлі жалғасып келе жатыр.*

Қоштасу

Қоштасу – салт. Ұзатылатын қыз өз үйінен аттанар алдында, өзінің ата-анасымен, аға-інісімен, сіңлісі, жақын-жуықтарымен қоштасу жырын айтады.

*Әуеден ұшқан бұлдырық,
Құбыладан соққан ызғырық.
Жатқа кетіп барамын,
Жаратқан соң қыз қылып,
Атасы жақсы – құл болмас,
Анасы жақсы – күң болмас.
Оң жақтан кетіп барамын.
Қыз еркелеп – ұл болмас,*

– деп, өзінің жат жұрттық болып жаратылғанын жырға қосады. Ең соңында:

*Жанымдағы қыным-ау,
Сіңлілер мен інім-ау.
Жыл айналып келгенше,
Қош аман бол күнім-ау, –*

деп, бауырларымен қоштасады. Мұнда «жыл айналып келгенше» деген сөздің мағынасы бар. Өйткені дәстүр бойынша ұзатылған қыз жыл толмай өз үйіне бара алмайды.

Қоштасу – қазақ халқының бауырмалдық, әншілік, айтқыштық қабілетін көрсететін тұрмыс салт жырларының ішінде көркем де көрнекті дәстүр. Қоштасу жыры соңынан

қыздың жеңгелері мен серіктері:

Жылама, бикем, жылама,

Көзіңнің жасын бұлама.

Ұл болып тусаң әуелден,

Сені мұндай қыла ма? – деп, оған жұбату айтып, келешегіне жақсы тілек білдіреді.

Салт жырларының тәрбиелік маңызы зор. Мұнда ұлттық дәстүр, халықтық қағида, ағайын туыстық қимас сезім, алдағы арман бәрі бәрі де бар. Қоштасу, жұбату жыры сонысымен құнды.

Қыз ұзату

«Қыз ұзату» – салт, той. Ұлын ұяға, қызын қияға қондыру – ата ананың тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату – үлкен той, думан әрі қызық. Бұл күні ата-ана қуанады, әрі жылайды. Қуанатыны – қыз өсірді және оны құтты жеріне қондыруы, жылайтыны – әрине, қимастық көңілі.

Қызды алуға құда (тақ санмен) бес не жеті кейде одан да көп адам келеді. Мұның ішінде бас құда, құдалар және күйеу жолдас болады. Солтүстік және Орталық Қазақстанда тек ер адамдар барады. Құдалар әдетте кешкілік баруы керек. Мұнда ойын-сауық, құдалық рәсімдер мен кәде жоралар жасалады. Жақын адамдар құданы үйіне шақырады.

Ұзатылатын қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Оның алдында қыз «Қоштасу жырын», жастар «Жар-жар», «Ау-жар», «Аушадияр» айтылады.

Сәукеле кигізу

Сәукеле кигізу – салт. «Қара мақпал сәукеле, шашың басар жар жар ау» (Жар-жар). Өмірде қазақ салт дәстүрлерінің түрлері көп. Соның ішінде қалыңдыққа сәукеле кигізудің орны бір бөлек. Себебі сәукеле – әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі кезінің естен кетпес ыстық сәті. Ол – бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босағааттарарасындағы қимастақықты кездің ескерткіші. Бұл аз болса, келіншекке сәукеле кигізудің өзі – бір ерекше салтанат. Бұған құда-құдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруге ынтық. Оның көрімдігі де соған лайық болу керек. Жас отау, сәукелелі келіншек, ойын сауық, көңілді күлкі жаңа өмірдің бақыт есігін ашқандай әсер етеді.

Сәукеле туралы бірер сөз. Сәукеле – келіншек киімі. Ол – бас киім ғана емес, қазақ

сән-салтанатының, салт-дәстүрінің мәдениеті мен шеберліктің озық үлгісі, өнер туындысы. «Алтынмен апталып, күміспен күптеліп» дегендей, ол інжу маржан, гауһар, лағыл, жақұт сияқты асыл тастар тізбегімен әрленіп, әшекейленеді. Негізі мақпал, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіліп, бұлғын, құндыз терілерімен жиектеліп, оқамен оюланып, түрлі түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады. Көрсек көздің жауын алатын осы бұйым – тек келіншек сәні ғана емес, той салтанаты мен құдалар беделін де көтере түсетін ерекше көрініс! ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре бес жүз байталға бағалаған.

Отау көтеру

Отау көтеру – салт. *«Көтерілген отауың құтты болып, ұзақ жасап ішінде сүйсін жарың» (Қыз Жібек).* Ұлтымыздың мәдениетінде «отау көтердің» деген сөз бар. Ол «үйлендің, жұпты болдың» деген мағынаны

білдіреді. Демек, үйленумен бірге отау көтеруге тиіс. Әдетте, ұлы үйленетін, қызы тұрмысқа шығатын ата-ана алдымен отау дайындайды. Қыз жасауына отау қосыла берілетін. Отау жас отбасының бақыт шаңырағы болып саналатындықтан, оны барынша әсемдеп, әдемілеп, толық жабдықтап әзірлеу аз шаруа емес. Оған көрші-көлем, жақын -туыс, нағашы-жиендер тегіс араласады. Кесе аяқтан бастап үй киізіне дейін әкеледі. Сөйтіп бүкіл ауыл болып отау көтеру – әрі қызық, әрі міндетті іс. Отау алғаш тігілгенде, оны құрметті әрі елге сыйлы аналар бастайды. Шаңырақты да бақанға ақ мата байлап, ел ағалары көтереді. Отқа май құйылады, «босаға майлау» жасалады. Алғашқы дастархан жайылып, оған мол тағам жасалады. Кіргендер шашу шашып, «құтты болсын», «іші жанға, сырты малға толсын» деген тілекпен қуанышын білдіреді. Жақын туыстар отауға көрімдік әкеліп, мал атайды, бағалы мүліктер сыйлайды.

Жас отау әке үйінің оң жағына тігіледі. Бұл үйге жасы үлкендер шақырусыз кірмейді. Ал жастар мен балалар қызықтап, осы отауды төңіректейді. Ауылдастар мен жанашырлар жас отау түтінінің түзу шығуын, жаңа үйленгендердің тұрмыс тіршілігін сырттай

бақылап, келінге баға беріп отырады. Жас келін ерте тұрып өз үйінің ғана емес, жанындағы іргелес үйлердің де түндігін ашуы – оның әдептілігі мен мәдениеттілігін білдіреді.

Атбайлар

Атбайлар – салт. Мұның да екі түрі бар.

Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын туыстары оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. **Мұның аты – «атбайлар».**

«Атбайлардың» екінші түрі – кәде. Құда-құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде, олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл – «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел теберік сұрайды.

Сүт ақы

Қыз ұзату тойы мерзімін қалыңдық ауылы құдаларымен келісе отырып белгілейді. Бұл тойға күйеу бас құда бастаған құдалар тобымен және өнерлі күйеу жолдастарымен келеді. Мұнда құдалық кәделері өте көп. Соның ішіндегі жолы бөлек, қымбат кәделердің үлкені

«сүт ақы» деп аталады. Бұл – қыздың анасына тартылатын сыйлық. Бұған анасы бата береді.

Жолдық – дәстүр. *«Қайным, жолдығымды ұмытпа, толымды болсын, деді жеңгесі Қаным күле сөйлеп» (ел аузынан).* Алғашқы неке түні жігіт пен жас келінді жеке бөлмеге кіргізіп, өздеріне төсек салып, алаңсыз, жайлы жатуына жағдай жасайтын әйел, әдетте, жігіттің жеңгесі болады. Ол жастарға бақыт тілеумен бірге, әзіл-қалжыңын араластыра жүріп, алғашқы төсек ләззатының жөн жосығын, әдет ғұрпын түсіндіреді. Ертеңіне келіннің пәктігіне де осы жеңге куәлік береді. Мұндай сәт әдепті, үлгілі, үлкен-кіші бірдей сыйлайтын, бала шағалы келіндерге ғана тапсырылады. Бұл – күн жұптық, некелік өмірдің ұмытылмас сәттерінің бірі. Сондықтан, бұл түнді көңілді әрі жайлы өткізудің орны – мүлде бөлек. Жеңгесі ертеңгісін қайнысының жылы төсектен тұрған сәтін күтіп тұрып, *«ерніңді жібіттім, қойыныңды жылыттым, енді жолдығымды бер»* деп назданады. Жөн білетін қайнысы жеңгесі риза болатындай «жолдығын» беріп, ерлі-зайыптының алғашқы таңын күліп қарсы алады.

«Жолдықтың» жолы бөлек. Сондықтан оған

аталатын кәде де толымды әрі бағалы болады.

Қыз көші

Қыз көші – салт. Құда аттандырар кәдесі жасалғаннан кейін ұзатылған қыз шешесі, жеңгесі, жас іні, сіңлілермен бірге көлікке отырып жолға шығады. Қыз артта қалғандарға қарамауы керек. Құдалар алға түседі. Одан кейін **шаңырақ түйе (қыз көші)** жүреді. Тойшы жігіттер көш соңынан әсем киініп ән-күймен ереді. Былайша айтқанда, көште ерекше салтанатты жарасымдылық болады. Қыз ауылынан бір көш жер шыққанша, мұны «**қыз көші**» деп атайды. Одан әрі асқаннан кейін «**келіншек көші**» дейді. Келіншек көшінің келе жатқанын білетін жолдағы ауыл қыз-келіншектері, жастары «келіншек көшін» тоқтатып, «түйемұрындық» алып, батасын беріп, «жол болсын» айтып шығарып салады.

Жарысқазан

Жарысқазан – ырым. Әйелдер босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл-желпі тамақ істеп, оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып «жарысады». Халық ұғымы бойынша туатын бала «жарысқазанға» қатысып, одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.

Жар-жар

Жар жар – ғұрып. Ұзатылған қыз тойында қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көңілін аулап, баратын жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «Жар-жар» қызықты болып естіледі. Мысалы: «Жар-жарды» жігіт былай бастайды:

*Алып келген базардан,
Қара насыр, жар-жар-ау
Қара мақпал сәукеле,
Шашың басар, жар-жар-ау!
Мұнда әкем қалды деп,
Қам жемеңіз, жар-жар-ау
Жақсы болса, қайны атаң,
Орнын басар, жар-жар-ау!*

Қыз былай деп жауап қайтарады:

*Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар-ау.
Ақ жүзімді көргендей,
Айнам болсын жар-жар-ау.
Қайын атасы бар дейді-ау,
Осы қазақ, жар-жар-ау.*

*Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын, жар-жар-ау!*

Келін түсіру

Келін түсіру – салт. Жер бетіндегі барлық халық үшін дүниедегі қызық пен қуаныштың бастысы – осы келін түсіру. Бұған бүкіл ауыл болып атсалысады, бірге қуанады, бірге тойлайды. Намысы бір қазақта *«тойдың болғанынан, боладысы қызық»* деген бар. Ал келін түсірудің өзі де, *«боладысы»* да – қызық.

Қазақ салты бойынша келінді ауылға көлікпен әкелмейді. Бір қырдың астына жеңгесімен бірге түсіріп кетеді. Ауылдың қыз-келіншектері жас келіннің алдынан шығып, ешкімге көрсетпей, шымылдық ішіне кіргізіп әкеледі. Ақ босағаны оң аяқпен аттайды. Шашу шашылады. Құтты болсын айтылады. Келінді шешесі, жеңгесі, сіңлілері ертіп әкеледі. Қуаныш, той, ойын сауық басталады. Шымылдық жиналған сәтте салтанатпен **«Беташар»** басталады.

Ұстаз сыры

Ү.А. ҚАЛИЕВА,
№ 58 жалпы білім беретін мектеп,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы.

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҚҰРМЕТ

“Егер мұғалім өз бойындағы жақсы қасиеттері мен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктіре алса, ол – кемел ұстаз!”

К.Д. Ушинский

Ұстаз – Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі. Ұстаздық – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін, жуапкершілікті өте қажет ететін мамандық. *«Мұғалімдік мамандық, бұл – адамтану, адамның күрделі және қызықты шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»,* – деп Ыбырай Алтынсарин атамыз айтқандай, бұл мамандықты игеріп алып кету үшін оны барынша жақсы көру қажет. Ұстаз болу үшін ерінбей, талмай үнемі ізденісте болып, өзінің білімінді жетілдіріп отырсаң ғана мақсатыңа жетесің және ұстаз деген құрметті атқа лайықты боласың. Ұстаз оқушыға ата-анадан кейінгі ақыл-ой, эстетикалық

сана-сезім, адамгершілік, ұлттық тәрбие сіңіруші адам. Өйткені тәрбиесіз берілген білімнің өте қауіпті екенін нағыз ұстаз жан-тәнімен түсінуі керек.

«*Бұлақ көрсең көзін аш*» дегендей, шәкіртінің бойынан жылт еткен сәуле көрсе, оның бойына таудай талап пен талантты ұялату ұстаздың басты міндеті және үлкен өмірге сеніммен қадам басауына септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан ұстаздан шәкірт озса, бұл – ұстаздың ең жоғарғы бағасы. Аянбай, талмай ізденіп шәкірт дайындауда уақытпен санаспай, еңбектене білсең, еңбегіңнің жемісін шәкірттеріңнің бойынан көресің. Бірнеше жылдар бойы, ұстаздық жолда жүргенде, көптеген шәкірттерім биік белестерді бағындырып, өмірден өз орындарын тауып, көздеген мақсаттарына жетіп, бәрі де дүниенің бір-бір кірпіші болып қаланды. Міне, ұстаз үшін бұдан асқан құрмет, бақыт бар ма?!

«*Алты алаштың баласы бас қосқанда, қадірлі орын – мұғалімдікі*» деп аяулы ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұстаз – мектептің де, қоғамның да, ұлттың да, білімнің де, адамгершіліктің де, батырлықтың да, ақындықтың да, өнердің де нағыз жанды өкілі. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу-маржандай ұстаздың сөзін ұрпақ өз кәдесіне жаратып жатса, міне сонда ғана мінез көркемдігі, сабыр ұстамдығы, білімі шәкірт тарапынан бағаланып, дараланып ерекше құрметке бөленері сөзсіз.

«*Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың*

қолында ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бүгінгі күн мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Сондықтан қазіргі таңдағы ұстаздарға заман талабына сай оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, логикалық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен ізденетін, сыни тұрғыдан ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру – басты міндет.

Мұғалім – мамандық болса, ұстаздық қызмет – табиғат дарытқан құдіретті қасиет.

Бойыңа қуат, жүрегіңе жарық сәуле, мұқалмас жігер беріп, өрге сүйрейтін де жаныңа азық, өміріңе өзек боп төрге сүйрейтін де осы – ұстаздық қасиет.

«*Адамның білімі өнері – адамшылықтың таразысы*» – дейді. Олай болса, тек білікті ұстаз ғана білімді шәкірт тәрбиелей алады, ал білімді шәкірттен халыққа пайдасы тиер білгір маман шығады. Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең мазмұнды білім беру және ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті деп түсінемін.

«*Ұстаз*» – ардақты киелі үлкен құрметпен айтылатын сөз, ол – әр адамның бала кезінен сауатын ашатын, оны білімге, ғылымға үйретіп, тәрбие беретін, «*Білім*» атты кемеге отырғызып, болашаққа жол көрсететін, анандай әлпештеп,

маңдайыңнан сыйпайтын адам.

«Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», – деп ағартушы педагог Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, әр баланың бойындағы білім мен дарынын ұштай білу – ұстаздардың еңбегі. Елдің ертеңі, өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен саналы тәрбие берілуі қажет.

Соңын өзімнің мына өлең жолдарыммен түйіндеп, аяқтасам деймін.

*Үйретуден балаға жалықпадым.
Жас ұрпақ ойласын деп халық қамын.
«Ұстаз» деген бір сөзден бақыт таптым,
Шәкірттердің ақ жолға салып бәрін.*

*Әрқашан шәкірттермен мақтанамыз,
Солармен жасарамыз, шаттанамыз.
Әр күніміз ұласып жақсылыққа,
Қуаныш бақ сыйласын ақ таңымыз.*

*Дана мен сөйлесетін дана болып,
Баламен тіл табысқан бала болып.
Шәкірттер биіктен көрінсе егер,*

Қуанамыз мәз болып, бала болып, – деп, білім нәрімен сусындатқан шәкіртеріміз ұлтжанды, рухы биік, ата-ана үмітін ақтап, өмір өзен арнасынан өз жолын тауып жатса, ұстаздық мақсатымызға жеткенім із деп ойлаймын.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Қ. Б. АБУОВА,
Назарбаев Зияткерлік
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиетінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ «АРАЛЫМ» ӨЛЕҢІ

О к у мақсатына сілтеме	Т4. Көркем шығармаларды тыңдау А3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау.
Б е л г і л і бір оқыту мақсаты	11.Т4. Драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау. 11.А3. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.
Б а ғ а л а у критерийі	Оқушылардың барлығы: көркем шығармаларды тыңдайды, орфоэпиялық нормаларды сақтап айтады.



	<p>Оқушылардың көбісі: поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды.</p> <p>Оқушылардың кейбірі: б а с қ а өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды.</p>
Ойлау дағдыларының деңгейлері:	Қолдану, жоғары деңгей дағдылары (талдау, жинақтау, бағалау).
С ө й л е у әрекетінің түрлері:	Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым.
Құндылықтарды игерту	<p>«Мәңгілік ел» құндылығы: Өнер және мәдениет</p> <p>НЗМ құндылықтары: Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; Ынтымақтастық; Жауапкершілік; Ұлттық экологиялық мәдениет.</p>
Пәнаралық байланыс	Экология, география

АКТ –ны қолдану дағдылары	Таныстырылым
Тілдік міндеттер	<p>Пәндік лексика мен терминология: <i>Оқушылар түсінеді және сипаттайды...</i></p> <p>Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: <i>Менің ойымша,...</i> <i>Мен оған мынадай дәлелдер кетіре аламын,...</i></p>
Алдыңғы білім	Жастар денсаулығы – қоғам байлығы.
ЖОСПАР	

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс - әрекеттер	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 5 минут</p>	<p>1-сабақ. 1. Ұйымдастыру кезеңі 2. Оқу мақсатымен таныстыру. 3. «Ой қозғау» кезеңі. О қ у ш ы л а р суреттер арқылы т а қ ы р ы п т ы б о л ж а й д ы , жаңа сөздермен жұмыс жасайды.</p>	

		
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>«Мағынаны тану» кезеңі С. Тыңдалымалды тапсырма: Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс. <i>көк айдыным –</i> <i>бұлттарды сүзген –</i> <i>аққу арман –</i> <i>кемелер шөккен –</i></p>	<p>http://mp3shka.ucoz.com/publ/a/aralym/2-1-0-37 «Аралым» өлеңі</p>
<p>10 мин.</p>	 <p>ЖЖ. Тыңдалым тапсырмасы: Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңін тыңдап, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық</p>	


<p>5 мин.</p> <p>5 мин.</p>	<p>мәселені айқындайды (ойлан, жұп болып жұмыс істе, бөліс).</p> <p>Ойла-Жұп болып жұмыс істе - бөліс</p> <table border="1" data-bbox="1217 308 1671 632"> <thead> <tr> <th>Мәселе неде?</th> <th>Мен ол туралы не ойлаймын?</th> <th>Менің жұбым ол туралы не ойлайды?</th> <th>Біздің ойларымызда ортақ не бар?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table> <p>ТЖ. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: оқушылар Арал теңізі туралы фильм үзінділерінің бірін тамашалап, «Аралым» өлеңімен салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жазады.</p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттер арқылы тақырыпты болжайды. 2. Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жасайды. 3. Жұпта, топта поэзиялық шығарманы тыңдап, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындайды. 	Мәселе неде?	Мен ол туралы не ойлаймын?	Менің жұбым ол туралы не ойлайды?	Біздің ойларымызда ортақ не бар?																	<p>https://www.youtube.com/watch?v=nAuTWxbyjFA</p>
Мәселе неде?	Мен ол туралы не ойлаймын?	Менің жұбым ол туралы не ойлайды?	Біздің ойларымызда ортақ не бар?																			

<p>5 мин.</p>	<p>4. Фильм үзіндісін өлеңмен салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жазады. Кері байланыс. «Оңтайлы бағыт» әдісі. Оқушылар сабақ барысында орындаған тапсырмалар нәтижесі қай бағытта орналасқандығын ауызша талдайды.</p>  <p>2-сабақ Қызығушылықты ояту кезеңі.</p>  <p><small>Содержательный проект по улучшению экологической обстановки в образовательном учреждении уровня начального</small></p>	<p>https://massaget.kz/blogs/8538/</p>
---------------	---	--

<p>10 мин.</p>	 <p>С. Айтылым алды тапсырма: Оқушылар «Экологиялық мәдениет дегеніміз не?» сауалына жауап іздеп, тірек-схема құрайды.</p> <p>ТЖ. Айтылым тапсырмасы: Оқушылар еліміздегі экологиялық жобалар туралы, олардың адамзат қауымдастығындағы орны жайлы әңгімелеседі. Қолдау ретінде төмендегідей суреттер топтамасы үлестіріледі. Оқушылар әңгімелесу барысында сабақта өтілген Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңінен үзінділерді қолданады.</p> <p>ЖЖ. Айтылымнан кейінгі тапсырма: Оқушылар жұпта ұлттық экологиялық мәселеге байланысты сөз сөйлеуге дайындалады. Төмендегі мақал-мәтел, нақыл</p>	<p>10 мин.</p>
----------------	---	----------------

	<p>сөздердің біреуін тақырып ретінде таңдайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • «<i>Табиғат — тал бесігің, аяла, қорғай біл, тазалығын сақта!</i>» • «<i>Табиғат — тіршілік нәрі</i>»; • «<i>Бақ өсіргеннің бағы жанады</i>»; • «<i>Бір тал кессең, он тал ек</i>»; • «<i>Гүл өссе, жердің көркі</i>»; • «<i>Судың да сұрауы бар</i>». <p>Жетістік критерийі:</p> <p>1. Экологиялық мәдениет төңірегінде тірек-схема құрайды.</p> <p>2. Еліміздегі экологиялық жобалар туралы, олардың адамзат қауымдастығындағы орны жайлы әңгімелеседі.</p> <p>3. Әңгімелесу барысында Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңінен үзінділерді қолданады.</p>	
--	--	--

	<p>4. Мақал-мәтел, нақыл сөздердің біреуін тақырып ретінде таңдап, әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.</p> <p>А деңгейлі оқушылар. Бағалау дескрипторы:</p> <p>1. Экологиялық мәдениет төңірегінде тірек-схема құрайды.</p> <p>2. Еліміздегі экологиялық жобалар туралы, олардың адамзат қауымдастығындағы орны жайлы әңгімелеседі.</p> <p>3. Әңгімелесу барысында Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңінен үзінділерді қолданады.</p> <p>4. Мақал-мәтел, нақыл сөздердің біреуін тақырып ретінде таңдап, әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.</p> <p>В деңгейлі оқушылар. Бағалау дескрипторы:</p> <p>1. Экологиялық мәдениет төңірегінде тірек-схема құрайды.</p> <p>2. Еліміздегі экологиялық жобалар туралы, олардың адамзат қауымдастығындағы орны жайлы әңгімелеседі.</p>	
--	---	--

	<p>3. Әңгімелесу барысында Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңінен үзінділерді қолданады.</p> <p>С деңгейлі оқушылар. Бағалау дескрипторы:</p> <p>1. Экологиялық мәдениет тәңірегінде тірек-схема құрайды.</p> <p>2. Еліміздегі экологиялық жобалар туралы, олардың адамзат қауымдастығындағы орны жайлы әңгімелеседі.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин.</p>	<p>Кері байланыс «3-2-1»</p>  <p>*Сабақтан алған 3 маңызды ақпарат.</p>	

	<p>*Қиындық тудырған 2 аспект Сабақ барысында туындаған 1 сұрақ</p>	
<p>Қосымша ақпарат</p>		
<p>Дифференциациялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз? Коммуникативті дағдыларын дамыту мақсатында құрылған топтар/жұптар қабілеті төмен оқушыларды қабілеті жоғары оқушылардың қолдау көрсетуін меңзейді. Мұғалім талқылау үрдісі кезінде барлық оқушылардың бірегей қатысуын қадағалау тиіс. Дәйекті дәлелдерге ғана негізделген қорытындыға жетудің мағынасының мәні, сыныптағы қабілеті төмен оқушы дәлелдерге негізделе отырып, кем дегенде өзінің ойын білдіре алады, ал қабілеті жоғары оқушы тәуелсіз, негізгі сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың білімін қалай тексересіз? Топтар арасында жұмыс жасау, талқылауды тыңдау немесе талқылауға көмек беру, қажетіне қарай топтар немесе жеке оқушыларға қолдау көрсету, марапаттау.</p> <p>Талқылауды бақылауда оқушылардың жалпы реформаның маңызын түсінудің деңгейін бағалау.</p>	<p>Пәнаралық байланыс: география Белсенді оқыту әдістерін қолдану, Оқушылардың жас ерекшелігін сақтау, еліміздің патриоты бола білетін, салауатты өмір салтымен жүретін және саналы да білімді оқушыны дайындау.</p>

Н.МУХАНҒАЛИЕВ,
М. Мирманов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп.
 Батыс қазақстан облысы,
 Жаңақала ауданы,
 Бірлік ауылы

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ “МЕН – ҚАЗАҚПЫН” ПОЭМАСЫ

Мақсаты	<p>Жалпы мақсаты: Ж.Молдағалиевтің өмір жолымен және шығармашылығымен танысу. Ақиық ақынның «Мен қазақпын» поэмасына талдау жасау. Ж.Молдағалиевтің ақындық қалам өнеріндегі асқан дарынын, шеберлігін таныту, шығармашылығына сүйіспеншіліктерін арттыру, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін дамыту.</p> <p>Оқушыларды елін, жерін сүйуге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімге баулу, халқын қастерлеуге, патриоттыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>1). Поэманың тақырыбы мен идеясын ашады, мазмұнын толық меңгереді..</p> <p>2). Оқушылар поэманы әдебиет теориясы тұрғысынан талдайды.</p>
----------------	--

Көрнекілігі	Әдебиет оқулығы, слайд, флипчарт, маркерлер, портрет, т.б.	
Топқа бірігу	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Шаттық шеңбер құрып, күн сөзі арқылы бір-біріне тілектер айтады.</p> <p>«Бас, қол, арқа» ойыны арқылы жағымды атмосфера қалыптастырады және топқа бірігеді.</p>	
Сабақтың барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Қызығушылықты ояту	<p>II. Үй тапсырмасын сұрау</p> <p>1. «Зерделі сұрақ, ұтымды жауап»</p> <p>1). <i>М.Иманжановтың досы кім? (Б.Бұлқышев)</i></p> <p>2). <i>М.Иманжановтың тұңғыш шыққан әңгімелер жинағы қалай аталды? («Жастық».)</i></p> <p>3). <i>Халықтың көңілінен шыққан шығармасы қалай аталады? («Алғашқы айлар».)</i></p> <p>4). <i>«Алғашқы айлар» повесіндегі басты кейіпкер кім? (Жақыпбек.)</i></p> <p>5). <i>Жақыпбектің ауылға келгенде, сол ауылдың тұрмыс –тіршілігіне көңілі толды ма?</i></p> <p>6). <i>«Алғашқы айлар» повесіндегі мектеп директорының аты-жөні кім? (Күдері Қадіров.)</i></p>	

	<p>7). Жақыпбек Әділбеков келген ортасына әсер ете алды ма?</p> <p>8). М.Иманжанов неше жыл өмір сүрді? (42 жаста.)</p> <p>9). М.Иманжанов қандай аурумен ауырды? (өкпе ауруының ашық түрі.)</p> <p>10). Повестегі оқушылардың өмірі қазіргі оқушылардың өміріне ұқсайды ма?</p> <p>2. Ұстаз туралы эсселерін оқиды.</p> <p>III. Ой шақыру.</p> <p>Картадан оқушылар Қазақстан жерін табады.</p> <p>Халық ауыз әдебиеті «Жер бөлу» – Қазақ деген қандай халық? (Әр топтан жауап береді)</p> <p>Мұғалімнің кіріспе сөзі.</p> <p>– Ж. Молдағалиевтің ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әдебиет әлеміне енгізген шығармасы — «Мен — қазақпын» поэмасы (1964). “Жұбан шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. Қазақ жері мен суынан, желі мен көгінен нәр алған даладай тынысты, пәрменді поэзияны танимыз.” М.Базарбаев.</p> <p>IV. Жаңа сабақ</p> <p>«Тереннен маржан терейік»</p> <p>Ж.Молдағалиев өмірі, шығармашылығы.</p> <p>I -топ: Сандар сыры (Ж.Молдағалиев өмірі)</p> <p>II-топ: Кластер әдісімен топтастыру (Ж.Молдағалиев шығармашылығы)</p>
--	--

<p>Мағынаны тану</p>	<p>V. Поэманы мәнерлеп оқу.</p> <p>Бұл поэмада ақын қазақ халқының басынан кешірген небір қиын кезеңдерді суреттейді.«Мен қазақпын» поэмасында қандай кезеңдердегі оқиғалар сипатталады және қандай ғасырларды қамтиды?</p> <p>1-топ – 15-17 ғасыр.</p> <p>2-топ – 18-19 ғасыр.</p> <p>VI. «Үш түрлі тіл – уақыт талабы» (Поэманың шумағынан бір-екі сөзді алып орыс тілі мен ағылшын тіліне аудару).</p> <p>I-топ.</p> <p><i>Мен қазақпын, мың өліп мың тірілген, Жөргегімде таныстым мұң тілімен. Жылағанда жүрегім, күн тұтылып, Қуанғанда күлкімнен түн түрілген. Мен - қазақпын, ажалсыз анамын мен, Құрсағыма сыйдырам даланы мен. Пәк сәбимін бесікте уілдеген, Дәуірлермен құрдасын, данамын мен.</i></p> <p>II -топ.</p> <p><i>Мен – қазақпын, белдімін, байтақ елмін, Қайта тудым, өмірге қайта келдім. Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске, Мен Ленин есімін айта келдім. Айта келдім ақ - адал жүрегіммен, Еңбек өмір, ер өмір, жыр өмірмен. Ақын тілі, махаббат, бұлбұл тілі – Жыр ғып қазақ тілімен жүремін мен.</i></p>
-----------------------------	--

	<p>VII. Сергіту сәті: «Мен – қазақпын» әнін тыңдау.</p> <p>VIII. «Талдау – табыс кілті»</p> <p>1 -топ. Өлең құрылымына талдау. <i>Авторы;</i> <i>Тақырыбы;</i> <i>Әдеби жанры;</i> <i>Идеясы;</i> <i>Теориялық ұғым.</i></p> <p>2 -топ. Өлең құрылысына талдау. <i>Мен – қазақпын, ажалсыз анамын</i> <i>мен,</i> <i>Құрсағым сыйдырам даланы мен.</i> <i>Пәк сәбимін бесікте үілдеген,</i> <i>Дәуірлермен құрдаспын, данамын</i> <i>мен.</i></p> <p><i>Шумақ;</i> <i>Тармақ;</i> <i>Бунақ;</i> <i>Буын;</i> <i>Ұйқас.</i></p> <p>Сонымен бүгінгі сабақта қазақ жері, қазақ халқы басты тақырып болған «Мен — қазақпын» поэмасы оқырманды жігерлендіре түседі. Ерлік, қарсылық, күш, қуатты жырға қосып, «құласа да қайта тұрып», өзінің қазақ екенін тағы да жүрек жара, жан даусымен қуана, шаттана жеткізеді. Осы поэма туралы бір оқырман:</p>
--	--

	<p>Мен – ҚАЗАҚПЫН! <i>Неткен керемет, неткен тамаша жазылған поэма. Бұл поэмада қазақтың барлық басынан кешкен азаптары, қайғы-мұңы жазылған. Осы поэмада нағыз қазақтың бейнесі көрсетілген. Мен қазақ екенімді мақтан тұтамын!!! Және әлемге паш етуге әзірмін!!!</i></p> <p>IX кезең. Дебат. Қазіргі уақытта қазақ тілінің даму деңгейіне көңіліңіз тола ма?</p>	
Ой толғаныс	<p>X-кезең. Сабақты қорыту. «Ақынға сыр» хат жазу.</p> <p>XII. Рефлексия Көбелекті гүлге қондыру. (сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады)</p>	
Бағалау	<p>Бағалау парақшаларымен жұмыс (әр топтан топ басшылары бір-бірін бағалайды).</p> <p>Формативті бағалау. Сумативті бағалау.</p>	
Үйге тапсырма	<p>О қ у л ы қ т а ғ ы тапсырмаларды орындау Ж.Молдағалиевтің өмірі мен шығармашылығы және «Мен қазақпын» өлеңін жаттып келу. 1-топ: 1-4 бөлім. 2-топ: 5-7 бөлім.</p>	<p>Күнделік-теріне жазады.</p>

Ш.ҚАПЕЗОВА,
 Ы.Шөреков атындағы
 мектеп-гимназиясы,
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Миялы ауылы

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚИЗДАРЫ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>7.Т/А4. Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.</p> <p>7.07. Ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау.</p>
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады: мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясын салыстыра талдау.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді орынды қолданып, өз ойын білдіре алады.</p>

Күтілетін нәтижелер	<p>Қазақтың батыр қыздары туралы өз белсенділіктерімен мағлұмат алып меңгереді; Өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады; Қосымша деректер тауып, ізденеді.</p>
Сабақтың түрі	<p>Білім мен дағдыны қалыптастыру сабағы</p>
Қажетті құрал-жабдықтар	<p>Интербелсенді тақта, слайд, тақырыпқа қатысты бүктеме, аудиотаспа, түрлі түсті маркерлер, АЗпарағы.</p>
Оқыту әдістері	<p>«Ыстық алақан» тренингі, сұрақ-жауап, әңгімелеу, постер, «ПОПС» формуласы, «Бес саусақ» әдісі.</p>
Бағалау түрлері	<p>«Ауызша марапаттау», «Үш шапалақ», «Бас бармақ», «От шашу».</p>
Жетістік критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалған мәтінді топта талқылап, қорытындылайды. • Тыңдалған мәтіннен деректер келтіре алады. • Дәлелді, нақты жауап бере алады. Өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырады.
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Өзіне және айналасындағыларға құрмет; • Ынтымақтатық, бірлік, адалдық; • Отанына деген шексіз патриоттық сезім.

Алдыңғы білім	9-бөлім. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Өмір мен өлім туралы.	
Сабақ барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс түрлері	Бағалау
Сабақтың басы	<ul style="list-style-type: none"> • Ұйымдастыру. БИнтамақтастық жағдай қалыптастыру кезеңінде «Ыстықалақан» тренингін өткізу. (Оқушылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, жақсы тілектерін айтып, сәттілік тілейді) • Әлия, Мәншүк, Хиуаз бейнелері жасырылған үстел үстіндегі қима қағаздарды оқушылар кезек-кезегімен алып, сол бойынша топтарға отырады. 	
Өткен сабақты тексеру	Үй тапсырмасы қалай орындалғандығын қадағалау үшін әр топтан екі оқушы алынады. Әрбір оқушының үй тапсырмасын орындауы, кемшіліктері анықталып, түзетіледі.	«Ауызша марапаттау» Керемет! Тамаша! Жарайсың! Ізден! - деген сөздер арқылы, марапаттау.

Қызығушылықты ояту	<p>«Сен білесің бе?» атты бейнетындалым көрсету.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақтың батыр қыздары кімдер? - Олар соғыста қандай ерлік көрсетті? - Олардың ерліктерін еліміз қалай құрметтейді? 	
Мағынаны тану	<p>1.Мәтінмен жұмыс. Білу. Түсіну.</p> <p>А).Айтылым.Оқулықтағы 1, 3-тапсырмаларды орындату.Сұрақтарға жауап береді, суреттегі қазақтың батыр қыздары туралы шағын әңгіме құрайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Сұрақтарды топта талқылайды.</p> <p>2.Шағын әңгіме құрайды.</p> <p>Ә). Тыңдалым. Оқулықтағы 2-тапсырманы орындату. Мәтінді тыңдап, негізгі ойды анықтайды.</p> <p>2.Талдау және қолдану.</p> <p>А). Жазылым</p> <p>«Есте сақта!» айдарымен жұмыс.</p> <p>Қ а л ы п т а с т ы р у ш ы бағалау.</p>	<p>« Ү ш шапалақ» а р қ ы л ы ә р топ бір-бірін бағалайды.</p> <p>Бас бармақ» ә д і с і а р қ ы л ы т о п т а р бір-бірін бағалайды.</p>

	<p>Дескриптор: 1.Тыңдалған мәтіннен деректер келтіру арқылы дәлелді,нақты жауап бере алады. 2.Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді орынды қолданады. 3.Сергіту сәті. «Қазақтың батыр қыздары» тақырыбында әр топ өздеріне қатысты постер құрады.</p>	
<p>Қорытынды</p>	<p>4-тапсырманы орындау. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерін дәлелдейді. 1.Бірінші сөйлем. «Менің ойымша ... ». 2.Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін». 3.Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын». 4.Соңғы сөйлем. « Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім ».</p>	

	<p>Кері байланыс. «Бес саусақ» әдісі арқылы. Оқушылардың тақырыпты қалай меңгергенін анықтау мақсатында қолданылатын “Бағалау” әрі “Кері байланыс” әдісі. Оқушылар өздерінің сабақ барысында атқарған іс-әрекеттеріне баға береді. Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды? Балалы үйрек – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Ортан терек - ойлану. Мен бүгін не үйреніп, не білдім? Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім? (Әр оқушы осы сұрақтар төңірегінде қысқа жауап жазады.) Үйге тапсырма: 156-бет.5-тапсырма. М.Мәметова мен Ә.Молдағұлова туралы таныстырылым дайындау. Ж.Нәжімеденовтың сөзіне жазылған Ш.Қалдаяқовтың «Бейбіт күн тілегі» әнін оқушылар бірігіп шырқайды, сабақты қорытындылаймыз.</p>	
--	--	--

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс


Н.Т. УТЕГЕНОВА,
 Казталовка орта жалпы
 білім беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Казталов ауданы,
 Казталов ауылы

АДАЛ ДОСТЫҚ

Оқу мақсаты:	Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау. (7.Т/А4) Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе). (7.Ж4) Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану (7.ӘТН4)
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалым материалы арқылы көтерілген мәселені анықтайды; • Тақырыптағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, екі ашық сұрақ құрастырады. • Эссе құрылымы мен даму желісін сақтай отырып, көтерілген мәселенің шешімін табады;
Тілдік мақсаттар	Достық. Сатқындық.

Құндылық-тарға баулу	Адамгершілік, мейірімділік, адалдық
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> • Жетекші сұрақтар арқылы өз ойын білдіреді, негізгі тақырыпты табады; • Мәтінде көтерілген тақырыпқа қатысты проблемалық сұрақтар құрады; • Фразеологизм, мақал-мәтелдердің көркемдік ерекшеліктерін ажыратып, мәтінде тиімді қолданады.
Пәнаралық байланыс	Өзін-өзі тану, әдебиет.
Тақырып бойынша алдыңғы оқу	Достық туралы біледі.
Сабақ барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Әдістері
Сабақтың басы 5 мин.	Топқа бөлу. Мақал-мәтел арқылы «Мозаика» әдісімен бөлу. Тыңдалым алдында оқушылар жетекші сұрақтарды топта талқылайды: - «Достықты» қалай түсінесің? - Саған дос не үшін керек?	«Ой козғау» ФБ «Кол шапалақтау»

Сабақтың ортасы	Мәтінді мұқият тыңдап, жұптасып талқылап, негізгі ойды анықта.	Аудио-материал «Жұптық әңгіме»
10 мин. 15 мин.	<p>«Екі дос» (Ел аузынан)</p> <p>- <i>Мәтін не туралы?</i></p> <p>- <i>Қандай мәселе көтеріліп отыр?</i></p> <p>- <i>Екі жігіттің достығын қалай бағалайсың?</i></p> <p>- <i>Сен қайтер едің?</i></p>	ФБ «Мұғалім мадақтауы»
	А). «Достық» сөзін қалай түсінесің?	«Топтас-тыру»
		«Жуан сұрақтар»
	В). Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, 2 ашық сұрақ құра.	«Мәтін құрау»
	С). «Дос жолында құрбан болу емес, нағыз досты табу қиын» тақырыбында фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді орынды пайдаланып, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасыңызды білдіріп, дискуссивті эссе жаз. (100-120 сөз).	

	<p>Өмірге деген көзқарасы ортақ, дүниетанымы деңгейлес, әрі бір-бірін оңай түсінетін жандар бір-бірімен дос бола алады. Ал оның сақтаушысы адалдық пен шынайылық. Дос деген сенің басындағы кез келген жағдайды басқалардан артық түсінетін, яғни өзің сезгендей сезе алатын сенің екінші сыңарың. Дос биікке жетелейтін, қуанышыңа ортақ, қиындықта демеу болатын жан...</p> <p>Дескриптор</p> <p>- <i>эссе құрылымын сақтайды;</i></p> <p>- <i>тақырып эссенің өн бойынан көрініс табады;</i></p> <p>- <i>мәселенің шешу жолын ұсынады;</i></p> <p>- <i>фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді орынды қолданады;</i></p> <p>Орындаған тапсырмаларын топта талқылап, үздігін ұсынады.</p>	ФБ «Смайлик»
Соңы 3 мин.	<p>Достық туралы мақал-мәтелдермен қорытындылау:</p> <p>- <i>Досыңа серік бол, достыққа берік бол.</i></p> <p>- <i>Адал дос – алтыннан қымбат.</i></p>	

Ү.С. КӘРІБАЕВА,
Талдыбұлақ ЖОББ мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Талдыбұлақ ауылы

МЕКЕН, МӨЛШЕР ҮСТЕУЛЕРІ

<p>Кері байланыс 5 мин.</p>	<p>- Сонымен, «адал достық» қандай болуы керек? - Бүгінгі д о с т ы қ қ а қандай баға бересіз? - Сіз өзіңіз қандай доссыз? «Бес саусақ» тәсілі арқылы с ұ р а қ т а р ғ а жауап жазу. Бас бармақ – Не үйрендім? Балан үйрек – Неге көңіл аудару керек? Орман терек – Кімге көмектестім? Шылдыр шүмек – Алған әсерім, Көңіл-күйім? К і ш к е н е бөбек – Неден қиналдым?</p>	
<p>Ү й г е тапсырма 2 мин.</p>	<p>«Достық» тақырыбына жазылған ақындар өлеңдерін жаттау.</p>	

<p>Жалпы мақсат</p>	<p>Мекен, мөлшер үстеулері туралы жалпы мағлұмат беру.</p>	
<p>С а б а қ қ а негізделген оқу мақсаты</p>	<p>Мекен, мөлшер үстеулерін енгізу, түсіну, мәтінмен жұмыс жасау.</p>	
<p>Сабақ мақсаты</p>	<p>Барлық оқушылар: – Үстеулерді сөйлем ішінен таба алады, сөйлем құрай алады. Оқушылардың басым бөлігі: – Үстеулерді ажырата алады, мекен, мөлшер үстеулерін қатыстырып, жұмыс жасай алады, сұраққа жауап бере алады. Кейбір оқушылар: – Мекен, мөлшер үстеулерін сөйлем мен мәтін арасынан ажырата алады</p>	
<p>К ү т і л е т і н нәтижелері</p>		
<p>Жоспарланған уақыт</p>	<p>Сабақ барысындағы жоспарланған іс-әрекеттер</p>	<p>Ресурстар</p>

<p>Кіріспе 5 мин.</p> <p>«Қызығу- шылық ты ояту»</p>	<p>Оқушылармен амандасу. «Шаттық шеңбері» Бір-біріне сәттілік тілейді. -Балалар, бүгін қандай мереке? – «Алғыс айту» күні. Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет “Алғыс айту” күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан р е с п у б л и к а с ы н ы ң Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы А с с а м б л е я с ы н ы ң құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын. Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына т о п т а с т ы р а т ы н Қазақстан халқы Ассамблеясының күні.</p>	
--	---	--

<p>Негізгі бөлім «Мағы- наны тану» 25 мин. Білу</p>	<p>- Бірі-бірімізге алғыс айтамыз. Оқушыларды үш топқа бөлу. 1-топ; 2-топ; 3-топ. Үй тапсырмасын сұрау. 275-жаттығу 166 бет. « О й л а н д ы р а р сұрақтар» әдісі бойынша -Үстеу дегеніміз не? -Мезгіл үстеу дегеніміз не? -Бірігу арқылы жасалған күрделі үстеулерге мысал келтір. -Қосарлану арқылы жасалған күрделі үстеулерді ата. - Тіркесу арқылы жасалған күрделі үстеулерге мысал айт. Жаңа сабақ Тақтамен жұмыс. Дәптермен жұмыс. -Дәптерлерімізді ашып, бүгінгі күнді және тақырыпты жазамыз. Мекен, мөлшер үстеулері.</p>	<p>Таныстырылым №1</p> <p>Таныстырылым №2</p> <p>Таныстырылым №3</p> <p>Таныстырылым №4</p> <p>Таныстырылым №5 Оқулық</p>
---	---	---

Қорытынды	Тест сұрақтары.	
Үй тапсырмасы	Оқушылар бір-бірінің тапсырмасын тексереді. 287-жаттығу, мекен үстеуді «Анама алғыс» қатыстырып	Таныстырылым №13 Таныстырылым №14
Бағалау 2 мин.	мәтін жазу. «Бас бармақ әдісі» бойынша ауызша	Таныстырылым №15
Кері байланыс 2 мин.	бағалау. «Жоғары, орташа, төмен» «Галереяға саяхат» «Екі жұлдыз, бір тілек»	

Г.С. ШАХАМАНОВА,
№167 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы

ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

Сабақтың мақсаты:

а). Білімділігі: Оқушылардың ғылыми стиль туралы білім дағдысын қалыптастыру, ой-өрісін, дүниетанымын қалыптастыра отырып, ұтымды, мәнді пікір айтуға қалыптастыру.

ә). Дамытушылығы: Жаңа тақырыпты меңгерте отырып, оңайдан күрделіге жетелей отырып, шығармашылыққа баулу, жүйелі

сөйлеуге, ойлау қабілеттерін шыңдау, қорытынды шығара білуге, алғырлыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке баулу

б). Тәрбиелігі: Халқымыздың ұлттық дәстүрін, өнерін, ұлағатты сөзді ұтымды қолдануға, тілді құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап алу, тілдік талдау, жинақтау, салыстыру, 7 МОДУЛЬ.

Пәнаралық байланыс: Әдебиет, тарих, биология, химия, т.б.

Көрнекілігі: Презентация, сызба кесте, оқулық, тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а). Оқушы назарын сабаққа аудару

б). Сабақ жабдығын әзірлеу

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Публицистикалық стильдің сипаты.

2. Публицистикалық стильдің тақырыбы қандай болып келеді ?

3. Публицистикалық стильдің басты қалыптасқан сипатын атаңдар.

Публицистикалық стильде жазылған шығарма:

- Қоғамдық өмірмен тығыз байланыста болады.

- Жұртшылықты қоғамдық өмірдегі өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар етеді.

- *Өте жинақы, тұжырымды болып құралады.*
- *Логикалық жағынан қисынды да дәлелді, көңілге қонымды болып, бұқараға ықпал етеді.*
- *Шешендік сөздер, даналықтар көп қолданылады.*
- *Тақырыбы өмірдің әр саласына байланысты болады.*
- *Жан-жақтылық пен сауаттылықты талап етеді.*

– «Анадан – қасиет, атадан – өсиет»

Стильдік ерекшелігі неде?

(ойтолғау оқыту.)

III. Жаңа сабақ

1. *Ғылым – Отаныңның ең киелі дүниесі болуға тиіс. Өйткені ойлаудан әрі үзбей ойлана ізденуден өзге жұртты артқа тастап, озған халық қана берекелі ел бола алады.*

Л.Постер

2. *Ғалым – жұртқа айтар ойы бар, жеке-дара шыққан дарын. Сонымен бірге айтарын түсінікті етіп жеткізуді ойлап, жанын қинайтын да – сол адам.*

Дж. Барри, Питер Пэн

Ғылыми стиль – адамның ең озық интеллектуалдық әрекетіне қызмет етеді. Бұл адамның ғылыми ізденісінен, зерттеуінен тапқанын ауызша немесе жазбаша жұртқа жеткізу мақсатында қалыптасқан стиль.

Ғылыми стильдің ерекше функционалдық міндеті бар:

* *Ойды дәл, нақты әрі түсінікті етіп жеткізуді көздейді;*

* *Ойды тұжырымды түрде хабарлауға талпынады.*

* *Осы талаптарға жету үшін эмоцияға, экспрессияға көп жол берілмейді.*

Ғылыми стильдің тілдік көріністері

Ғылыми стильдің функциялық бағыты оған арнаулы тілдік көрініс береді.

Ғылыми стильде:

* **1.** *Ғылыми ұғымдарды дәл атайтын, соған арналған терминдер мол орын алады;*


* **2.** *Процестерді, тұжырымды ойларды бір терминге келтіріп, түйіндеп айту негізгі тәсіл болады;*

* **3.** *Сөзді үйреншікті, тұжырымды ету мақсатында тұрақты үлгідегі (штамп) сөйлемдер, сөз тіркестері молынан жұмсалады;*

* **4.** *Сөйлемдердің мына құрылымдық түрлері көп жұмсалып, оған өзіндік ерекшелік береді:*

* **а).** *Баяндауыштары ауыспалы осы шақ формалы етістіктен жасалады. Мысалы: Алюминий тез балқиды.*

* **б).** *Ырықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жұмсалады. Мысалы: Бидай құнарлы жерге егіледі.*



IV. Жаттығумен жұмыс жүргізу.

95-жаттығу. *Ғылыми стиль мен көркем әдебиет стилінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын тауып, талдау.*



96-жаттығу. Сөйлем мүшесіне қарай талдау. «Дарабоз».

97-жаттығу.

1. – Бидай құрамында қандай заттар кездеседі?

- нәруыз;
- крахмал;
- май;
- минералды заттар;

- су;
- химиялық элемент.

2. – Бидай қай тұқымдастарға кіреді? (Дара жарнақтылар)

- Тұқымы – дара;*
- Тамыры – шашақ;*
- Сабағы – сабансабақ;*
- Жапырағы – қынап.*

3. Ауыл шаруашылығындағы ғылымның маңызы.

4. Ғылымдағы жаңалықтар.

- Жаңасорт;
- Биотехнология.

V. «Даналық ойдан дән ізде» ойтолғау стратегиясы.

- 1. Нағыз адамның белгісі – кісілік.*
- 2. Көңіл аудар даналардың сөзіне, Адал жанды өнеге тұт өзіңе.*

Ж.Баласағұн

3. Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екіталай.

М.Момышұлы

4. Ұлы сөзден – ұлағат

Берілген даналық сөздерді оқып, мағынасын көңілге тоқып және ойтолғау жазыңдар. (Ойтолғауларын оқыту.)

VI. Егер мен ғалым болсам...

VII. Жаңа сабақты пысықтау.

А.КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

АҚЫН ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Оқитын өлке» облыстық акциясы аясында «Ақын есімі – ел есінде» атты поэтикалық кеш ұйымдастырды.

Шарада өлкетану бөлімінің кітапханашысы Көшербайқызы Ақниет ақынның өмір мен туындыларын және шығармалары туралы мәлімет берді. Шара барысында ақынның қаламынан туған «Афина мектебі», «Соны сұхбаттар», «Соғыстың соңғы жазы» атты еңбектері таныстырылды. «Ақтөбе кітапханасы» сериясының он бесінші томындағы Өтежан Нұрғалиевтің өлеңдері жинақталған кітап туралы және Айқын газетінің №112, 2018 жылы жарияланған «Өр мінезді Өтағаң» мақаласында Өтежан Нұрғалиевтің туғанына 80 жыл толатынын, соған орай,

ақындар Байбота Қошым-Ноғай, Бауыржан Бабажанұлы әлеуметтік желілерде ақынның өлеңдерімен балладаларын және ақын туралы естеліктерді жариялап отыру жайында айтып өтті. Және де «Аңыз адам» журналының №17, 2017 жылы жарияланған ақын туралы деректер, әпкесінен алынған сұхбаттары айтылды. Өтежан Нұрғалиевтың өмірдің турашылдығын, ащы шындығын еш жасырмастан, қорықпастан айтуы – оның еліне, жеріне деген адалдығынан. Осындай тура мінезділігінен барлық сыйдан, атақ пен даңқтан қағылды. Алайда, халық оны қолдап, халқының қошеметіне ілтипатына ие болды. Ақынның жақын достарының бірі Сәбит Досанов: *«Өтежан – қазақтың өте сирек қайталанатын, талантты ақындарының бірі еді. Біз, Өтекең екеуміз, талай сапарларға бірге шықтық. Қостанайда, одан Ақтөбенің Байғанин ауданында болатынбыз. Әдебиетке әркім әр түрлі келеді зой, біреу жайлап, біртіндеп келеді, біреу бет қаратпай екпіндеп келеді. Ал Өтежан әдебиетке бірден қалыптасқан ақын болып келді. Өтекең өзі мінезі кейде шәлкем-шалыстау, асаулау ақын болатын»* – деп, еске алады.

Шара барысында Сұлтанбекова Лаура мен Зейнекен Аяулым ақын Өтежан Нұрғалиевтің «Мен туған жер», «Үй сыртында жар барды» өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар «Ақын есімі – ел есінде» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды, көрмеге ақынның қаламынан туған «Афина мектебі», «Соны сұхбаттар», «Соғыстың соңғы жазы», «Ақтөбе кітапханасы» сериясының он бесінші томындағы Өтежан Нұрғалиевтің өлеңдері жинақталған кітабы, баспасөзде жарияланған ақын туралы естеліктер, деректер, журналдар қойылды.

Сондай-ақ «Оқитын өлке» облыстық акциясы аясында кітапханада жыл басынан бері ақын Өтежан Нұрғалиевке түрлі шаралар, жылжымалы кітап көрмелері, тақырыптық кештер өткізіліп келе жатыр.

Алдағы уақытта да осы сезімтал, өр мінезді, турашыл, тумысы бөлек өлең сүйер қауымның сүйікті ақындарының бірі, халқымыздың біртуар перзеттерінің бірі – Өтежан Нұрғалиевтің шығармаларын бірігіп оқуға шақырамыз!

А.ЕРМЕКБАЕВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
бөлім меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ- ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ

Жыл сайын елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісінде Отбасы күні мерекесі тойланады. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол.

Аталмыш мерекенің маңыздылығын ескере отбасы құндылықтарын насихаттап, ата-ана мен бала арасында ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ету мақсатында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында жыл сайынғы дәстүр бойынша «Өнегелі отбасы – қоғам байлығы» атты кездесу кеші өткізілді. Бұл кешке зейнеткер Істілеуов Жақсылық ағай және оның жұбайы кітапхана саласының ардагері – Айтуғанова Айсара, сондай ақ өңіріміздегі өмір мен өнер әлемінде қатар

жүрген Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының көркемдік жетекшісі – актер Аманқұлов Сержан Құрманбайұлы және оның жұбайы театрдың белді актрисасы – Мұзбаева Майгүл қатысты.

«Отан – отбасынан басталады» – деген дана сөз бар. Ата-ананың бір-біріне қарым-қатынасы, жүріс тұрысы, сөйлеу мәдениеті барлық іс-қимылдары баланың бойына тәрбие болып қалыптасады. Күн сайын ертеден кешке дейін, отбасында ата-ана, ағайындары тарапынан бала алдында мінез-құлықтың сан алуан үлгілері өтіп жатады. Осының барлығын жас бала бойына сіңіріп өседі. Ал баланың қоғамға, айналасындағыларға қарым-қатынасының қалыптасуы, туған-туыстарына деген қатынасынан байқалады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген ата-бабамыздан қалған асыл сөз текке айтылмаған.

Бала тәрбиесі – ортақ іс. Сондықтан кітапханада өткен шара барысында қонақтар жастар мен ой бөлісіп, өнегелі әңгімелер айтты. Жастар жағы Отбасындағы атмосфераның бала тәрбиесіне әсері қандай? Қазіргі заман

талабына сай баланың тәрбиеленуі? Ерлі-зайыптылардың ажырасуынан балаға тигізетін зардаптары қандай? тағыда басқа өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Кітапханашылар тарапынан ситуациялық сұрақтар қойылып, ойындар ойналды. Кітапханашы Сұлтанбекова Лаура А.Темірбайдың «Рахмет саған, Ана!» атты көркем сөзін әсерлендіре оқыса, Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенттері және облыстық халық шығармашылық орталығының әншісі Құралай Әленова кеш барысында әндер орындап, мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Берік отбасы – қоғамның тірегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Ұлт бірлігінің ұясы-өнегелі отбасы» атты бейне ролик, слайд көрсетілді. Кітапхана директорының орынбасары Кудасова Үржан келген қонақтарға, өскелең ұрпаққа айтқан дана сөздерімен, өмірлік іс-тәжірибелерімен бөліскені үшін алғысын білдіріп, естелікке сый-сияпат берді.

Кездесу кеші көңілге керемет әсер қалдырды.

Л. Е. СҰЛТАНБЕКОВА,
С. Жиенбаев атындағы жасөспірімдер
кітапханасының кітапханашысы,
Ақтөбе қаласы

*Кітапхана - жүрегімнің жанары,
Кітапхана - қасиетім, киелім.
Досым, саған қалай айтсам болады,
Кітаптарды, кітаптарды сүйемін
Ақын Б.Қарағызұлы*

МЕН ҚАТЫСҚАН АЛҒАШҚЫ СЪЕЗД

2018 жылғы 13-14 қыркүйек күндері Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында, Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеу аясында «Кітапхана – қоғамның көпфункционалды, көпдеңгейлі әлеуметтік институты» атты Бүкілқазақстандық кітапханашылар съезі өтті. Мен, жас маман – Сұлтанбекова Лаура осы съезге С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының атынан делегат болып қатыстым. Съезде Қазақстан кітапханаларын әлеуметтік және цифрлық түрлену аясындағы тақырыптар қозғалды. Қазақстан кітапханашыларының съезі алғаш рет 1960 жылы өткен екен, Тәуелсіздік

алғалы соңғы рет 1998 жылы өткізілген және 20 жылдан соң екінші рет барлық жүйелер мен ведомстволардың кітапханалық қауымдастығы алғаш рет жиналып отыр. Съезге 200 кітапханашы қатысты, оның ішінде 184 қазақстандық делегаттар, 16 шетел кітапханаларының жетекшілері және АҚШ, Түркия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және т.б. мемлекеттердің кітапханаларының мамандары болды. Ақтөбе облысынан жалпы жиырмадан аса делегат қатысты. Съезге қатысушыларды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Маханова Гүлжан Мейірханқызы басқарып барды. Солардың ішінде ең жас кітапханашы – мен болдым, сондықтан съезде үйренерім көп болды. Әр түкпірден келген кітапханашылармен әріптестік қарым-қатынас орнаттым. Съездің ашылу салтанатында ҚР. Парламент сенатының депутаты әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитетінің төрайымы Әйтимова Бірғаным Сарықызы съезд қатысушыларын құттықтап, өз ойларымен бөлісті. Кітапханалар қызметінің бір ғана баппен шектеліп отырғандығын

да аттап өтті. Съезге ҚР Мәдениет және спорт министрлігі заң қызметі департаментінің директоры Күміс Қарсақбайқызы, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Әбсаттар Бағысбайұлы, ақын Олжас Сүлейменов, Есдәулет Ұлықбеков, сонымен қатар шетелден Ресей мемлекеттік кітапханасының бас директоры Вадим Валерьевич Дуда, АҚШ конгресс кітапханасының бөлім меңгерушісі Мужган Исрафил Назарова қатысты және ИФЛА президенті Глория Прес өзінің құттықтау видеоролигін жіберді.

Съезд шеңберінде: кітапхана директорларының отырысы, тақырыптық секциялық кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды, кітапхана саласының жетекші шетелдік мамандарының қатысуымен фокус-тренингтер, шеберлік-сыныптары, тәжірибелік сабақтар, Астана және Ақмола облыстарының кітапхана қауымдастығымен мерекелік-онлайн кездесуі өткізілді. Түрлі тақырыптар көтерілді. Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасына экскурсия жасап, кітапханамен және кітапхана жұмысымен

таныстық. Заманауи технологиялар ғасырында әдеби мұрамызды сақтап қалу, сирек басылымдарды қалпына келтіру, көне баспа өнімдерін бұзбай, келешек ұрпаққа жеткізу съездің басты тақырыбына айналды.

Біздің кітапхананың атынан Ұлттық кітапхананың директоры Жанат Тұрарұлына Сағидың 80 өлеңінің дискісін және Ақтөбе облысының әкімі Сапарбаев Бердібек Машбекұлының мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен шыққан Ақтөбелік жас талапкерлердің «Ақ айдын» атты өлеңдер жинағын табыстадым. Екі күнгі съезд аясында шешілуге тиісті көптеген мәселелер назарға алынып, кітапхана сапалы болашақты қалыптастыратын қоғамдық сананы жаңғыртудағы рөлі мен орны туралы, цифрландыру жүйесіндегі кітапханалар сияқты өзекті тақырыптар қозғалды. Кітапханашылардың басын қосқан үлкен съезд өз деңгейінде өтті. Кітапхана жұмысы туралы мәселелер назарға алынды.

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.10.2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №10, 2018 ж., 144 бет, Алматы.